

# Сарыарқа күйшілері

## Кіріспе.

Тарихқа көз жүгіртесек, әр халық өз тарихын әр түрлі жолдармен белгілейтіні ерекше байқалады. Айталық Арабтарда көне тарихын алып тас мүсіндерге түсірсе, қытайларда ескі жазу тәсілімен сақталған. Үнділерде би өнерінің тілімен бейнелесе, европалықтар зәулім храмдар мен қорғандар салып қалдырған. Ал, қазақ халқы болса, өз тарихын аса бай ауыз әдебиетімен жырлап, саз өнерімен суреттеген. Соның бірі – күй сазы.

Күй – көне жанр. Оның сан ғасырлық тарихы бар. Қалыптасқан дәстүрлері мен мектептері бар.

Арқаның күйшілік мектебі – шертпе мәдениетінің алтын қазығы деуге тұрарлық үлкен мектеп. Себебі, Арқа иісі қазақтың тарихи ортақ мекеніне айналған, үш жүздің еншісі бөлінбегенін айғақтап тұрған қасиетті Ұлытау да осында. Домбырасымен «Ақсақ құланды» толғаған күй атасы – Кетбұғы өмір кешкен Жошы ұлысында Арқа өңірінде дәурендегені шежіреден аян. Небір балбармақ домбырашылар өмір кешкен Сарыарқа жерінде күй дегенде алдымен аузымызға абыз Кетбұғыдан бөлек керей батыры - Байжігіт, арғынның аты аңызға айналған ақылманы – Тәттімбет сері түседі. Осылардың ішінде Арқа мектебінің басында тұрған тұлға сөз жоқ, Тәттімбет екені даусыз. Тәттімбетше күй тарту үрдісі осыдан кейін Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Сембек, Әбди, Итаяқ, Әбікен, Аққыз, Мағауиялар арқылы дамып, шертпенің даңқы мұқым қазаққа үлгі болды.

Назарларыңызға иісі қазақ күй өнерінің шырайын келтіріп, мәртебесін өсіретін рухани асыл қазынасымен таныстыру мақсатында, ел ішіндегі атадан балаға сабақтасқан домбырашылық дәстүрді жалғастырушы күйшілер туралы дерекнамалық құжаттарды негізге алып, түрлі басылымдарда жарияланған материалдарды пайдалана отырып, библиографиялық көрсеткіш құрастырдық. Бұл көрсеткіш ғылыми зерттеу болып табылмайды. Басылымға Қарағанды облысында туған Арқаның күйшілік мектебінің өрісін ұзартатын, өресін биіктететін тамаша күйлер шығарған дарынды күйшілер немесе жалпы Қарағандымен байланысы бар, облыс өңірінде қызмет еткен ата-бабаларымыздан қалған мол мұра – киелі күй өнерін насихаттаушы, домбырашы адамдар туралы мағлұматты енгізуге тырыстық.

Облыс бойынша көптеген күйшілер туралы нақты деректер жеткіліксіз болғандықтан, олардың барлығын толығымен тұтастай қамти алмадық. Библиографиялық көрсеткішті құрастыру барысында түрлі ақпарат дереккөздерінде жарияланған мәліметтерге сүйендік. Н.В.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының мол кітап қорынан алынған бар деректердің басын біріктіріп, оларды жинастырып, құрастыру барысында белгілі зерттеушілердің еңбектерін басты негізге алып, пайдаланылған басылымдар тізімін көрсеттік.

Көрсеткішке енгізілген барлық есімдер алфавит бойынша орналасқан. Мұнда кейбір материалдар болмауы мүмкін. Оқырмандардың барлық ескертулері мен ұсыныстарын құрастырушы мұқият тыңдап алғыспен қабылдайды.

Сонымен, алдарыңызға ұсынылып отырған «Сарыарқа күйшілері» атты библиографиялық көрсеткіш тек қана оқушы, студент қауымға ғана емес, барша жұртқа, яғни жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мұғалімдерге, өлкетанушыларға, кітапханашыларға және өз өлкеміздің тарихын білгісі келетін оқырмандарға арналған.

Күйшілер есімдерін келешек ұрпақтарға жеткізу бәріміздің қасиетті парызымыз.

## АХМЕТҚЫЗЫ АҚҚЫЗ (1897-1986)



Ахметқызы Аққыз 1897 жылы қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында, Тоқырауын өзенінің бойында Есалы деген жерде дүниеге келіп, 1986 жылы тоқсанға қараған жасында осы ата мекенінен топырақ бұйырды.

Аққыздың әкесі Тобықты ішіндегі Ақсақ атасынан тарайтын Құбылтайдың Ахметі деген кісі Тоқырауын бойындағы мыңды айдаған дәулетті адам болыпты.

А. Янушкевич жазатын Тұрсын мырза, Шөже ақын жырға қосатын Бегалының Жәңгірі сияқты ірі байлармен Ахметтің заманы бір, қонысы іргелес. Бұрынғы дәстүрде, түйе түгілі кие тұтатын қазақ байлары тіл-көзден сақтанып, әрбір жүзінші түйенің сол көзін ағызып жіберіп отырған. Сонда түйелі байлардан түйесінің санын білгісі келгендер "неше соқырың бар?" деп сұрайтын болған. Егер, "үш соқырым бар" десе, онда үш жүз түйесінің болғаны. Құбылтайдың Ахметінде ұсақ малды былай қойғанда, тек түйенің өзінен он соқыры болса керек. Яғни, мың түйе біткен ғой. Ал, желқанат жылқы түлігі он үш мың басқа жеткен.

Дәулет тегін адамға біте ме, Ахмет те ағайынға ақыл-парасатымен жаққан, төңірегіне сыйлы адам болыпты. Әсіресе, өнерді кие тұтып, өнер адамды шашылып-төгіліп қарсы алады екен де Тоқа, Дайрабай, Ықылас, Әшімтай, Қыздар сияқты күйшілерді Ахмет бай жаз болса ерулікпен елеп, қыс болса соғымнан қалдырмайтын болған.

Аққыз болса, Ахмет байдың тоғыз қызының ең кенжесі, Атаның күшін, ананың сүтін сарыққан кенже болғандықтан Аққыз жас кезінен атқа мініп, бәйгеге шауып, еркекше болып, еркін өседі. Оның әу бастағы шақырып қойған аты Мүгілсін екен, бір бетінен қақпай өсірген әкесінің ықыласына қақ төңірегі Аққыз атап кетеді. Желдей еркін өскен қыз дәулескер күйшілердің жанында бол өнерге жастайынан ден қояды. Бұл орай Аққыздың ең көп тәлім алып, алдын көр ұстазы Әшімтай күйші. Әшімтайдың әй "Қоңырқазын" бүгінгі күнімізге жеткізушілерінің бірі осы Аққыз күйші. Ал, Аққыздың шәк Мағауия Хамзиннің тартуындағы "Қоңырқаз күйін дәстүрлі қазақ музыкасының ас қазынасы десе, әсіре сез болмайды.

Ахметқызы Аққыз Арқаның күйші дәстүрін жастайынан құлағына сіңіріп, оған ынтыға ден қойып, бойжеткен кезде төңірегіне дәулескер домбырашылығымен танылады. Ерке өскен мінезді қыз Арқаның бұрау, теріс бұрау, тел бұрау, шалыс бұрау сияқты құлақ күйлермен тартылатын күйлерін еркін меңгеріп, өзі қатарлы домбырашылармен тізе қосып күй тартысқанда ұдайы өнерін асырып отырған. Талай рет додалы күй айтыстарына да түскен. Әрине, күймен айтысу үлкен өнерді қажет етеді. Мұндайда өзгенің күйін көп білу оны келістіріп тарту жеткіліксіз. Ең бастысы жаныңнан шығарған күйлермен қарсыласың мойын оздыруың керек. Аққыздың өзі шығарған күйлерін кезінде Қыздарбек Төребайұлы тыңдап батасын берген. Әсіресе, "Аққыз" деп аталған тырнақ алды күйін сол кездің жастары қолдан қолға көшіре үйреніп, сүйіп тартатын болған. Сабырлы сыр мен нәзік ойнақылығы қос ішек жарыса үн қататын бұл күй Аққыздың өзіндік қолтаңбасы жарқын айғақ.

Ахметқызы Аққыздың өнерге алаңсыз беріліп мұңсыз-қамсыз кешкен ғұмыры мейлінше келте болған. Он жетінші жылғы төңкерістен кейін желбуаз ұраншылдық, елді жікке бөліп қырқыстырған таптық көзқарас, ұжымдастыру тәркілеу сияқты саяси әлеуметтік шаралардың бәрі ауқатты жанұялардың шаңырағына жалаң қылыштай үйірілгені белгілі. Мұндай нәубеттен Ахмет байдың да отбасы қалмайды. Қатал заманның нысанасына ілінген ең алғашқы бес жүз байдың бірі ретінде қорлық пен зорлықтың небір сорақылығын бастан кешіп тәркіленеді. Сонсоң, көп кешікпей-ақ, репрессияға ұшырайды. Қыз ғұмырында көрген қызығы алдамшы түстей ғана болып, ата жұртта аһ ұрып Аққыз қалады. Мұнан кейінгі көрген қорлық тартқан азапты айтып тауысып болмас.

Есіл бұла дарын осылайша жанбай жатып сөнгендей, өнбей жатып солғандай күй кешеді. Қайран домбыраға қол созуға қорыққан жылдарды бастан өткереді. Адам ғана емес, ұлттың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған өнер де репрессияға ұшырайды. Әйгілі "Зар Қосбасарды" дүниеге әкелген ауылдасы Әбди Рысбекұлы 1931 жылы тек күй тартқан үшін атылады. Дәл сол жылы "Наз Қосбасардың" авторы, буынсыз күйші Айдостың Сембегі атылады. Оның да бар кінәсі күй тартқаны. Бұл сұмдықты көзімен көріп, жаны түршіккен Әбікен Хасенов шыбын жанын алып қашады... Осыдан кейін домбыраға қол созып көр. Бір кездегі домбыраны жастанып ұйықтайтын Аққыз, енді домбыра көрсе үрейленіп, зәресі ұшатын болады.

Міне, күйшіліктің мың жылдық ұлы дәстүрі бір ғана ұрпақтың көз алдында осындай нәубетке тап болды.

Күйші әженің сезімталдығына қайран қалғанбыз. Қайран қала отырып, бүгінгі, болашақ ұрпақтың да күй құдіретінен дәл осындай мән-мағына таба білуін армандап едік.

Бұл аңызды **Серкебаев Жолкелді** атамыздан естіп, жазып алынды.

Осынау басы ашық ақиқатқа күйші-домбырашы Ахметқызы Аққыздың (1897-1986) да өмірі мен өнері айғақ бола алады.

Сөз болып отырған Ахметқызы Аққыз - әлгі Итаяқ, Қыздарбек, Әшімтай бастаған күйшілер легінің шәкірті. Аққыздың қатары да селдір емес. Кешегі Манарбек Ержанов, Қали Байжанов, Әбікен Хасенов, Бегімсал Орынбеков, Дәулет Мықтыбаев сынды арқалы өнерпаздар еске түседі.

Енді, мына қызыққа қараңыз. Аққыз күйшінің алдына отырып, саусағына саусағын шуда жіппен матастырып, домбыра үйренген күйші - Қазақстан Республикасының халық әртісі Мағауия Хамзин. Ал, Мағауияның ондаған шәкірті күйшілікті өмірлік мұрат тұтып, бұл күндері ортамызда жүр. Сондай-ақ, Әпике Әбенова, Жақсылық Омашев, Тұрған Түсіпбеков сияқты ел ішіндегі күйшілік дәстүрдің туын ұстап жүрген азаматтар да тікелей Аққыз күйшінің алдын көрген, тәлім алған, Аққыздың өз құрсағынан туған жалғыз баласы Тілеужан да күйшілік өнердің парқын білетін жаны сергек азамат. Ұлттық өнердің темірқазығы болып табылатын рухани сабақтастық дегеніміз осы болса керек.

Міне, бір ғана өңірдің мың жылға ұласқан күйшілік өнерінің шежіресі осындай. Нағыз өнердің уақыт пен кеңістік аясындағы өміршеңдігіне осы сияқты рухани сабақтастық айғақ болса керек.

### Әдебиеттер:

Аққыз (Мүгілсін) Ахметқызы // Сыр мен сымбат. - 2005. - № 1. - 12 б.

Аққыз (Мүгілісім) Ахметқызы (1900-1987 жж) // Тоғжанов Е.Л. Атамекен: оқу құрал /Тоғжанов Е.Л., Аршабеков Т.Т.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 218 б.

Аққыз // Бекенов У. Күй табиғаты. - Алматы : Өнер, 1980. - 44 б.

Аққыз Ахметқызы ///Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 100 б

Аққыз // Бекенов У. Күй керуені: оқу құралы. - Алматы : Өнер, 2002. - 40 б.

Аққыз: естеліктер мен толғаулар / Құрас. Б.Ж. Тәкішов. - Қарағанды : Болашақ-Баспа, 2007. - 94 б.

Ақсұңқарұлы С. Аққыздың аңызы: эссе // Орт.Қазақстан.- 2007.- 5 шілде.-4 б.

Ахметқызы Аққыз //Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 677 б.

Баймұханов М. Гүлнәр күйді асқақтата береді: Аққыз (Мүгілсін) Ахметқызының туғанына - 110 жыл // Сыр мен сымбат.- Қарағанды, 2007.- № 6.-3 б.

Баймұханов М. Күй анасының тойы дүркірей өтті: Аққыз (Мүгілсін) Ахметқызының туғанына - 110 жыл // Азия транзит.- Қарағанды, 2007.- № 7-8.-2 б.

Балташұлы Е. Аққыз: мәдени мұра //Орт.Қазақстан.- 2007.- 22 наурыз.-4 б.

Бекенов У. Ұлы күйшінің мұрагерлері: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл толуы қарсаңында // Ленин туы.- Егіндібұлақ, 1990.- 30 маусым

Жанысбай С. Күйшіге құрмет: Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызының туғанына - 110 жыл / Жанысбай С. //Орт.Қазақстан.- 2007.- 24 шілде.- 1 б.

Жанысбай С. Ақжәнін шәкірті: өнер //Орт.Қазақстан.- 2007.- 27 желтоқсан.-5 б.

Сейдімбек А. Ахметқызы Аңқыз (1997-1986): Күй-шежіре // Азия Транзит.- Қарағанды,

2001.- N1.-13-15 б.

Туғанбай А. Ақжә: Аққыз (Мүгілсім) Ахметқызының туғанына - 110 жыл // Орт.Қазақстан.-2007.- 21 шілде.- 8 б.

Шөкейқызы Р. Өнерлі әже // Сыр мен сымбат. - 2008. - № 11/12. - 6 б.

### **Байсейітұлы Ыбырай (1889 – 1947)**

Ыбырай Байсейітұлы Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Сарытау деген жерде 1889 жылы дүниеге келген күйші-домбырашы. Кезінде Тоқа, Дайрабай, Ықылас, Қыздарбек, Әбди сияқты дәулескер күйшілердің көзін көріп, олардың күйлерінің мол қорын жеткізуші. 1934 жылдан бастап Қарағанды облыстық радио комитетінде домбырашы-солист болып қызмет атқарып, күй өнерінің насихатталуына елеулі еңбек сіңірген. Әбікен Хасенов, Мағауия Хамзин сияқты күйші-домбырашылармен шығармашылық-достық қарым-қатынаста болған. Ыбырайдың тартқан күйлері Бегімсал Орынбекұлы, Мұхит Битенов сияқты өнерпаздар арқылы бүгінгі күнге жетті. Ыбырайдың баласы Максұт Байсейітов-белгілі ақын.

Ыбырайдың өзі шығарған «Нарқызыл» атты күйі белгілі.

Ең алғаш «Дайрабай» күйін республика жұртшылығына таныстырған адам қарағандылық Байсейітов Ыбырай. Бұл кісінің тартуында Қарағанды облыстық радиосы жазып алған «Дайрабай» күйі республикалық радиодан отызыншы жылдары берілді. Кейін «Дайрабай» күйінің әсем нұсқалары Ә.Хасенов, М.Хамзин, М.Тілеуханов сияқты белгілі домбырашылардың тартуында хатқа түсті.

#### **Әдебиеттер:**

Байсейітов Ыбырай // Жаңаарқа: энциклопедия. - Алматы : Темірқазық, 2009. - 132 б.

Байсейітұлы Ыбырай //Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 799 б.

Дарынды домбырашы // С.Бексейіт.- Сарыарқа саңлақтары. - Павлодар : ЭКО ҒӨФ, 2007. - 209 б.

Көшімов Ә. Дарынды домбырашы //Орт.Қазақстан.-1970.-5 шілде

### **Бозмағамбетұлы Амантай (1906-1972)**

Бозмағамбетұлы Амантай 1909 жылы Қарағанды облысының Шет және Жаңаарқа аудандарының жапсарында жатқан Ортау тауының ішінде дүниеге келіп, 1972 жылы Жаңаарқа ауданының басында қайтыс болған. Шыққан тегі Орта жүз Арғын, оның ішінде Қуандық руынан өрбіген Алтай-Сайдалы-Барқы- Нияз болып келеді. Амантай әйгілі күйші-композитор Тоқа Шоңманұлымен аталас туыс және Тоқаның күйшілік мектебінен тағлым алып, оның күйлерін бүгінгі күнге жеткізуші санаулы өнерпаздың бірі. Ол Тоқа күйлерін 1937 жылғы репрессияның құрбаны болған дәулескер домбырашы Рабат деген кісіден үйренген. Амантай «Сал күрең», «Қосбасар», «Сары өзен» сияқты халық күйлеріне қоса, Тоқаның «Бастау Қосбасар», «Боз айғыр», «Төрт толғау» күйлерін, Дайрабайдың «Дайрабай» күйінің бес нұсқасын нәшіне келтіріп

тартатын болған. Жаңаарқа топырағының жүйрік домбырашылары Қойбағар Жылқыбайұлымен, Мұхит Битенұлымен тізе қосып жүріп, кезінде күй құмар қауымды өнерлерімен сусындатқан.

Амантай Бозмағамбетұлының өз жанынан шығарған «Торы ат» күйі жұртшылықтың ұйып тыңдайтын күйлерінің бірі. Бұл күйдің шығу себебі – 1960 жылдардағы солақай саясатқа байланысты. Халықтың бірлі-жарым сауын малынан басқа мал ұстауына тиым салынып, артық-ауыс мініс малдары мен күш көліктері күшпен тартып алынады. Осындай қиянаттың тұзағына Амантайдың бәйге Торы аты да ілігеді. Содан, арада біраз уақыт өткенде «Қазақстанға-40 жыл» деген ресми той болып, шаруашылық атынан қосылған Амантайдың Торы аты бәйгеден келеді ғой. Жасынан жүйрік ат, қыран құс, құмай тазыны өбектеп өскен Амантайды осы оқиға қатты толықтырып, «Торы ат» күйін шығарады.

Амантай Бозмағамбетовтың домбырашылық-күйшілік өнеріне алғаш көңіл аударған адам – музыкалық фольклордың білікті маманы Тымат Мерғалиев. Ол 1962 жылы Амантайдың репертуарынан жиырмашақты күйді ұнтаспаға жазып, «Дайрабай» күйінің бір нұсқасын нотаға түсірген.

А.Бозмағамбетұлының алдын көрген шәкірттері Мұхамеджан Тілеуханов, Жақсылық Мағзұмов, Ералы Тоқанов сияқты белгілі өнерпаздар.

#### Әдебиеттер:

Амантай күйші // Жұмаділдин А. Жаңаарқа: дерекнама. - Алматы : Кенже-Пресс-Медиа, 2003. - 337 б.

Бозмағамбетұлы Амантай // Жаңаарқа: энциклопедия. - Алматы : Темірқазық, 2009. - 176 б.

Бозмағамбетұлы Амантай // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 806 б.

### Дүкенұлы Ықылас (1843-1916)



Дүкенұлы Ықылас халық композиторы, күйші, қобызшы, қобыз мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Қарағанды облысы Жаңаарақа ауданында туған. Ықыластың атасы Алтынбек айтулы зергер, ұста адам болған; ағаштан қобыз, домбыра жасап, өзі сол аспаптарды жақсы тарта білген. Ал өз әкесі Дүкен күйшілік өнерді ұстанған. Ықыластың күйшілік дарыны ерте ашылып, 7-8 жасынан қобыз ұстап, әкесі тартқан күйлерді тез игеріп алған. 15 жасынан ол үлкен жиындарда өнер көрсете бастаған. Кезінде Ықыластың талантына тәнті болған Жанақ пен Шөже ақындар жас өнерпазға батасын беріп, Тәттімбет пен Тоқа сынды күйшілер оның өнерін өте жоғары бағалаған. 18 жасында ол әкесінен үйренген күйлерге өзгеріс енгізіп, оларды классикалық деңгейге көтерді; бақсылардың жүйесіз сарын түлеткен қобыз үніндегі абстракцияны жойып, оны адамның шабытына, ой-толғауына бағындырды, сөйтіп, қобызды халықтық музыкалық аспапқа айналдырды. Ықылас алғашқы күйлерін халықтық фольклордағы оқиғалар негізінде құрды; эпостық жырларды, аңыз ертегілерді қыл қобыз үнімен шертті және қыл қобыздың үн көлемін байытып, тереңдетті. Оның күйлерінің ырғағы өзінен бұрынғы күйшілерге ұқсамай, адам көңілінің тоқсан толғаулы сырын жыр етті, уақытты, замана тынысын, өмір шындығын шертті. Ол толғаған «Қорқыт» - бақытты өмірді аңсау, тәтті қиял; «Кертолғау» («Тоғыз тарау ? Кертолғау» деп те аталады) ? замана келбеті, мезгіл туралы ой; «Қоңыр» - адам сезімінің шаттанған, шуақты сәті, жарқын лиризм; «Ықылас» - шабыт шарықтауы; «Қазан» - елдің батырлық салтын ардақтаған салтанатты шеру; «Қамбар-Назым» - махаббат жыры; «Жезкиік» - кең дала табиғаты, еркіндік жыры; «Шыңырау» - зұлымдық қасіреті; «Аққу» - өмірді сүю, өлімді жеңу, адам құдіретін дәріптеу; «Жалғыз аяқ» - әділет үшін оптимистік құлшыныс;

«Ерден», «Жарым патша», «Бестөре» - отаршылдық жүйе, Ресей өкіметіне беріле қызмет еткен қазақ ақсүйектері, тағы басқа Ықыластың азаматтық ойын айқындайтын саяси-әлеуметтік мәні бар күйлер. Ықылас Омбы, Қызылжар (қазіргі Петропавл), Ақмола (қазіргі Астана) қалаларында, жәрмеңкелерде қобыз тартуда алдына жан салмаған. Оның Сүгір, Ашай, Әйкен сияқты талантты шәкірттері болды. Өз ұлы Түсіпбек те қобызда өте шебер ойнады, ол әкесінің көптеген күйлерін Д.Мықтыбаевқа үйретті. Қобызшы Ж.Қаламбаев Сүгірден Ықылас күйлерін үйреніп, оларды нақышына келтіре орындады. Ықыластың көптеген күйлері Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінде, «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрінде де орындалады. Жамбыл облысы Байқадам ауылында Ықылас атында музыкалық мектеп, Алматы қаласында музыкалық аспаптар мұражайы бар. Ықыластың қобызы Жамбыл облысы Жайлаукөл ауылында тұратын немерелерінде сақтаулы.

### Әдебиеттер:

- Бегалин С. Жыр жайлауы. - Алматы : Қазақстан, 1976. - 165 б.
- Жақанов И. Ықылас: роман.- Алматы: Өнер, 1990.- 256 б.
- Жанәбіл С. Ықыластың қобызы: Ықылыс қобызшының қобызы // Ел мәдениеті.- 2006.- 14 шілде(№6).- 3 б.
- Жахин С. Ықыластың "Ерден" күйі және басқа да сазгерлер жайлы ойлар // Сарыарқа.-Жезқазған, 2001.-30 маусым
- Дүкенұлы Ықылас // Жолдасбекұлы М. Елтұтқа: ел тарихының әйгілі тұлғалары / Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А.- Астана: KUL TEGIN баспасы, 2001.- 231 б.
- Дүкенұлы Ықылас // Жаңаарқа: энциклопедия. - Алматы : Темірқазық, 2009. - 176 б.
- Дүкенұлы Ықылас // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері -Астана: Күлтегін, 2002.- 507 б.
- Қоңыратбай Т. Әлемдік музыка тарихы: [жинақ] - Алматы : Өлке, 2010. - 479 б.
- Нығмет Ж.Н. Қазақ тілі хрестоматиясы: оқу құралы - Алматы: "Білім", 2003.- 392 б.
- Ықылас Дүкенұлы// Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 9 том.-634 б.
- Ықылас Дүкенұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 560 б.
- Ықылас Дүкенұлы // Тоғжанов Е.Л. Атамекен: оқу құрал / Тоғжанов Е.Л., Аршабеков Т.Т.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 216 б.
- Ықылас күйлері // Бекенов У. Күй көтерер көңілдің көк жиегін. - Алматы : Қазақстан, 1975. - 41 б.
- Ықылас қобызшы // Бегалин С. Сахара сандуғаштары. - Алматы : Қазақстан, 1976. – 110 б.
- Ықылас // Бекенов У. Күй керуені: оқу құралы. - Алматы : Өнер, 2002. - 77 б.
- Ықылас // Бекенов У. Күй табиғаты. - Алматы : Өнер, 1980. - 87 б.
- Ықылас // Күй қайнары = Голоса народных муз / құраст.: А. Райымбергенов, С. Аманова. - Алматы : Өнер, 1990. – 37 б.
- Ықылас // Жұмаділдин А. Жаңаарқа: дерекнама. - Алматы : Кенже-Пресс-Медиа, 2003. - 331 б.
- Ықылас // Қазақ күйлерінің тарихы: оқулық / Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен. - Алматы, 2000. - 320 б.
- Ықылас // Тарақты А. Қазақтың әйгілі күйшілері: ІХ-ХХ ғасырлар: [альбом-кітапша]: сурет.: Н.Т.Жээренчиев, Г.С Исакова. - Алматы : Қазақстан, 1992. - 17 б.

## Ержанұлы Манарбек (1901-1966)



Манарбек Ержанұлы көрнекті әнші, күйші, композитор, қазақтың сегіз қырлы, бір сырлы дейтіндей өнерпазы. Қазақстанның халық артисі (1938) Қарағанды облысының Ақтоғай ауданына қарасты Қарабұлақ ауылында 1901 жылы дүниеге келіп, 1966 жылы Алматы қаласынан топырақ бұйырған.

Әкесі Ержан кедей адам болған. М.Ержановтың өке-шешесі ерте қайтыс болып, ол жастай жетімдік көреді. Сондықтан ол жасынан өзінің еңбегімен күн көреді. Балқаш көлінің Қоңырат жақ бетіне шығып, сонда балық, аулап, байлардың малын бағып, оның ара-арасында үй салу жұмысымен де шұғылданып, әйтеуір күн көру жолында түрлі-түрлі кәсіптер істейді.

М.Ержанов жас кезінен домбраға, өнге үйір болады. Өз болса да домбыра тартуда тез арада қолы-қолына жұқпай ауыл адамдарының көзіне түсіп өнерші бала атанады. Дауысы да әуелден әдемі, бір ерекше сарын бар сияқты еді. Оның талабына сол жердегі Күсенбай деген кісі Манарбекке күй үйретеді. Күсенбайдан үйренген күйлерімен қатар Манарбек әнді де қуып, жасы он беске таман келгенде сол араның белгілі әншісі болып ауызға ілінеді.

М.Ержанов жас кезінде аз уақыт балалар үйінің де есігін ашады. Онда болған аз уақытында шала да болса хат танып, сауатын өз бетімен біраз кеңейтеді. Бірақ Манарбек балалар үйінде көп болмай, далада, еркіндікте өсіп қалған адам, елге шығып, өнер жолына түседі.

1928 жылы Алматыға қазақтың тұңғыш драма театры келгенде М. Ержанов қатты қуанды. Театрға келіп, онда түсу ойы барын айтады. Театрдың басшылары М. Ержановты тындап көріп, оның әдемі дауысына, сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан артистік қабілетінің барлығына қызығып, оны театрдың артистері қатарына алады. Алғашқы кездерде Манарбек театрдың ұйымдастырып тұратын концерттерінде шығады. Оның сахналық қабілетін дамыту үшін осы кездерде оны жеңіл-жеңіл рольдерге жібереді.

1931 жылы М.Ержанов Риддердің (Ленингорск) жұмысшылар театрына барып кіреді. Онда екі жылдай қызмет істеп, өзінің Алматыдан алған тәжірибесін үйретіп, театрды біраз көтеріп тастайды.

1933 жылы М.Ержанов Алматыға қайтып келеді. 1934 жылдың басында, Музыка театры ашылғанда, Манарбек соның негізгі артистерінің бірі болып, «Айман-Шолпанда» - Жарастың ролін ойнайды. М.Ержанов сол Жарастан бастап, «Қыз-Жібекте»: -Шеге, «Жалбырда» - Елемес, «Ер Тарғында» - Сақан, «Абайда» - Әзім, «Біржан-Сарада» - Естай тағы сол сияқты басқа операларда көптеген сахналық образдар жасайды.

1953 жылдан өмірінің ақырына дейін ол Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында әнші-солист, халықтың ән жанрында кең орын алатын терме, желдірмеден бастап, кең танысты әндерге дейін еркін орындады.

Манарбекті үлкен өнерге баулыған алғашқы ұстазы - әйгілі Шашубай Қошқарбайұлы. Ал, оныңжастайынан құлағына сіңірген әндері - Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Ғазиз, Естай, Әсет, Шашубай сияқты әншіліктің туын көкке шаньшқан өнерпаздардың мұрасы. Бұл ретте Манарбектің әншілігі Арқа әндерін түпнұсқа қалпында жеткізуші ретінде айырықша бағалы.

Әнші ретінде Манарбек Арқаның терме, толғау, желдірме әуендерінен бастап, кең тынысты көшелі әндерін орындауда өзіндік шеберлік-шалымымен, дара бітімді дарынымен жұртшылықтың ықылас-ілтифатына бөленді.

Манарбек жүзге тарта ән-күйімен де жұртшылыққа кеңінен танылған өнерпаз. Ол халықтық үлгіде ән-күй шығара отырып, өзіндік ерекшелігін даралай білді. Оның туындылары әуен-сазының біртұтастығымен, құрылысының күрделілігімен, өмір құбылыстарын дәл бейнелей білуімен айырықша назар аударады.

Манарбек Ержанұлының күйлері: «Аққу», «Балалық шақ», «Би күйі», «Жеңген солдат», «Жетісу», «Жорға», «Көңіл күйі», «Өрнек», «Шалқыма», «Шалқар көл», «Күсембайға», хорға арналған «Партизан жорығы», «28 гвардияшы-панфиловшылар», «Жастар тойы» «Жастар әні», «Бейбітшілік маршы» атты шығармалары, «Паровоз», «Амангелді», «Бақыт жыры», «Қуанамын», «Қойшының әні», «Әнші Біржанға», «Сайра бұлбұл» әндері қазақ совет музыкасында өзінің лайықты орнын алды.т.б. Ән-күйлерінің көбісі күйтабаққа жазылып, кітапқа басылып, радио мен теледидардың алтын қорына енген.

М.Ержанов 1966 жылы дүниеден қайтты. Ол Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. М.Ержановтың құрметіне Қарағандыда көше аталған.

### Әдебиеттер:

Ақбаева Н. Ән кернеді даланы, үнің шарлай: М.Ержановтың туғанына - 100 жыл //Орт. Қазақстан.- 2001.- 24 қазан.-10 б.

Ақышев З. Әнші аға: (М.Ержанов туралы)// Қазақ әдебиеті.-1976.- 21 ақпан

Алтыбақан / құраст. Р. Қосманова.- Алматы: Кайнар, 1990.- 304 б.

Байділдаев Ө. Әнші-күйші Манарбек // Қанатты өнер.- Алматы, 1973.- 73-79 б.

Байділдаев Ө. Қанатты өнер: очерктер жинағы.- Алматы: Жазушы, 1973.- 126 б.

Байсейітов Қ. Құштар көңіл.- Алматы: Жалын баспасы, 2004.- 232 б.: портр., сур.

Байсейітов Қ. Құштар көңіл.- Алматы: Жазушы, 1977.- б.: портр., сур.

Бодыров К. Замандасқа: (М.Ержановтың 60 жасқа толған мерейтойына арналған өлең)// Парасат.-1993.-№3

Жарылғап М. Ән еркесі - Манарбек: М.Ержановтың туғанына - 100 жыл // Орт.Қазақстан.- 2001.- 10 қазан.-12 б.

Жұбанов А. Манарбек: (М.Ержанов туралы)// Замана бұлбұлдары.- Алматы, 1975.-393-399 б.

Ержанов Манарбек // Қазақ Совет Энциклопедиясы. 4 том.-Алматы, 1974.- 161 б.

Ержанов Манарбек // Қазақ ССР Қысқаша энциклопедия. 4 том.- Алматы, 1989. 231 б.

Ержанов Манарбек // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 228 б.

Ержанұлы Манарбек // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 802 б.

Қауыпбайұлы Т. Әнші бала // Қазақ әдебиеті.- 2008.- №7. -14 б.

Қоспақов З. Ән зергері Манарбек: (М.Ержанов туралы) //Жұлдыз.-1993.-№10.- 183-191 б.

Қоспақов З. Ән зергері: /Манарбек туғанына100 жыл //Жас Алаш.- 2001.- 13 наурыз.- (Бірғақ.-N3.-4 б.).

Құсайынов А. Сан қырлы өнерпаз еді: [М.Ержанов туралы естелік] // Балқаш өңірі.-2001.- 10 қазан

Лұқпан Е. Әнші атындағы көше // Орт.Қазақстан.- 2004.- 6 қараша.-14 б.

Майшекин М. Көркемөнер шеберлері. Алматы: Қаз. мемлекет баспасы, 1959.- 139 б.: сурет

Манарбек Ержанов // Педагогика және өнер = Педагогика и искусство. - 2008. - № 2. - 6-8 б.

Манарбек Ержанов // Тоғжанов Е.Л. Атамекен: оқу құрал / Тоғжанов Е.Л., Аршабеков Т.Т.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 215 б.

Мүбәрәкұлы Б. Әнші аға, ізбасарын іздейді-ау // Орт.Қазақстан.- 2001.- 12 желтоқсан

Мүбәрәкұлы Б. Ән кеші өтеді: М.Ержановтың туғанына - 100 жыл // Орт.Қазақстан.-2001.- 5 желтоқсан.-10 б.

Мүптекеев Б. Қазақтың қайталанбас күйі, асқақтаған әні: [халықпен қауышып ұлт рухын көтеріп отыр. Осы үрдіс жалғаса берсе, шетте жатқан байлығымыз аз емес] // Егемен Қазақстан.- 2006.- 10 қазан.- 6 б.



Сардарбек К. Ән қанатында: М.Ержановтың туғанына - 100 жыл // Балқаш өңірі.- 2001.- 1 тамыз

Сардарбек К. Мен Манарбектің келінімін: М.Ержановтың туғанына - 100 жыл //Балқаш өңірі.- 2001.- 31 қазан

Сардарбек К. Сахна саңлағы: М.Ержановтың туғанына - 100 жыл // Балқаш өңірі.- 2001.- 8 тамыз

Тарази Ш. Хабиба неге қынжылады? // Парасат.- 2001.- N7-26 б.

Тұрғынбекұлы С. Ел жадынан шықпаған ерен әнші М.Ержановтың туғанына 90 жыл // Сұхбат.-1992. – 18 ақпан

Ыбыжанқызы К. Ән әлеміндегі асқақ үн: М.Ержановтың туғанына - 100 жыл // Балқаш өңірі.- 2001.- 25 шілде

## Ерназарұлы Дайрабай (1860-1937)



Ерназарұлы Дайрабай Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының жеріндегі Атасу өзенінің бойында дүниеге келіп, 1937 жылы Шымкент облысының Қызылқұм ауданына қарасты Шәуілдір кентінің маңындағы Шілікті деп аталатын қыстауда дүние салған. Шыққан тегі бойынша, Дайрабай – Орта жүз, Арғын, оның ішінде Мейрамсопыдан тарайды.

Дайрабай азаттық сүйгіш, жүйрік ат, қыран құсқа құмар, сері көңіл жан болған. Бұған қоса табиғат оған әншілік, ақындық, күйшілік сияқты ғажайып қасиет дарытқан. Содан да болар, ол Тоқа, Ықылас, Қыздарбек, Әбди сияқты күйшілермен, Жарылғапберді, Ғазиз, Иманжүсіп, Үкілі Ыбырай, Төлебай сал сияқты әйгілі өнерпаздармен дәм-тұзы жарасып, қадірлес-сыйлас болған. Оның есесіне Дайрабай заманымен тіл табыса алмай, Қазан төңкерісінен бұрын да, кейін де қуғын-сүргінді көп көрген.

Дайрабай күйлері бітім-құрылысының мінсіздігімен, әуен-сазының мейлінше бай нақыштарымен, сондай-ақ, айтар ойының сергек те сезімталдығымен дараланады. Оның күйлері аз аяда аста-төк ойды сапырып, тыңдаушы рухын аспандатып, өмірге ғашық етіп үлгереді. Сөз жоқ, бұл біртуар дарынның ғана қолынан келер құдірет.

Ерназарұлы Дайрабайдың күйлері: «Әтеген-ай», «Дайрабай» (4 нұсқасы бар), «Қоштасу», «Қыр», «Сыр», «Сырдың суы», «Шәуілдір» т.б.

Ең алғаш «Дайрабай» күйін республика жұртшылығына таныстырған адам қарағандылық Байсейітов Ыбырай. Бұл кісінің тартуында Қарағанды облыстық радиосы жазып алған «Дайрабай» күйі республикалық радиодан отызыншы жылдары берілді. Кейін «Дайрабай» күйінің әсем нұсқалары Ә.Хасенов, М.Хамзин, М.Тілеуханов сияқты белгілі домбырашылардың тартуында хатқа түсті.

Белгілі композитор Е.Рахмадиев «Дайрабай» күйінің негінде 1951 жылы «Дайрабай» атты симфониялық күй жазды.

### Әдебиеттер:

Бегалин С. Жыр жайлауы. - Алматы : Қазақстан, 1976. - 165 б.

Дайрабайдың дүбірі // Бегалин С. Сахара сандуғаштары. - Алматы : Қазақстан, 1976. – 113 б.

Дайрабай // Жұмаділдин А. Жаңаарқа: дерекнама. - Алматы : Кенже-Пресс-Медиа, 2003. - 324 б.

Дайрабай // Қазақ күйлерінің тарихы: оқулық / Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен. - Алматы, 2000. – 338 б.

Дайрабай // Тарақты А. Қазақтың әйгілі күйшілері: ІХ-XX ғасырлар: [альбом-кітапша] сурет.: Н.Т.Жәэренчиев, Г.С Искакова. - Алматы : Қазақстан, 1992. - 19 б.

Ерназарұлы Дайрабай //Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері.- Астана: Күлтегін, 2002.- 588 б.

Ерназарұлы Дайрабай // Жаңаарқа: энциклопедия. - Алматы : Темірқазық, 2009. - 195 б.

Сейдімбек А. Ерназарұлы Дайрабай// Орт.Қазақстан.-1992. -3 қазан. – 4 б.

### **Итаяқ күйші (XIX-XX)**

Қарағанды облысының Шет, Ақтоғай аудандарының жерін көктей өтіп, Балқаш көліне құятын Тоқырауын өзенінің бойындағы тамаша күйшілік мектептің негізін салып, дәстүрін орнықтырушы дәулескер күйшілердің бірі Итаяқ. Бұл өңірден шыққан Қыздарбек, Әбди, Сембек, Ақмолда, Мақаш, Кәрібек, Баубек, одан берідегі Әбікен, Манарбек, Мағауия сияқты күйші-домбырашылар Итаяқтың күйлерін тартып өскен.

Итаяқ XIX ғасырдың орта шенінде дүниеге келіп, XX ғасырдың бас кезінде дүние салған. Шыққан тегі – Орта жүз, Арғын, оның ішінде Шұбыртпалы руынан. Ол әйгілі Тәттімбетпен, Дайрабаймен өнер өрлестірген. Тоқырауын бойында күні бүгінге дейін Итаяқтың «Зер Қосбасар» күйін тартатын домбырашылар бар.

Қыздарбектің домбыраға ынтықтығын оятқан адам Итаяқ деген күйші. Он екі тармақ зар төккен Итаяқтың мол мұрасы өкінішке орай, бүгінгі күнімізге - жетпей, уақыт аласапыранында ұмыт болды деуге болады. Тек жалғыз ғана күйі қазір Шет ауданында тұратын жазушы, халық қазынасының қадірін білетін ізамат Жүнісов Кәмелдің қолында сақтаулы.

#### **Әдебиеттер:**

Жүністеги К. Тарланның соңғы тұрағы // Орт.Қазақстан.- 2002.- 10 тамыз.-13 б.

Итаяқ // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 768 б.

### **Көшмағамбетұлы Боранқұл (1928-**

Боранқұл Көшмағамбетұлы - белгілі күйші-домбырашы, Арқаның күйшілік дәстүрінде қырыққа тарта күй шығарған өнерпаз.

Боранқұл 1928 жылы қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Мұңлы, Қулы деп аталатын таулардың баурайында туған. Болашақ күйшінің шыққан жұрты - Тама руы, оның ішінде Жөгі деп аталатын бұтағы. Шежіре дерегі бойынша Боранқұлдың жеті атасы: Малай-Қожыр-Қойбақ-Әлсейіт-Бұхар-Әбілда-Көшмағамбет деп таратылатын болса, осылардың әр қайсысы бір-бір ауыл болып өсіп-өніп, исі қазаққа батырлығымен, билігімен, өнерімен танылған тұлғалар шыққан әулет. Мәселен, осы әулеттен шыққан Әлсейіт, Дүйсенбай өз заманында жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте аты аңызға айналған батырлар болса, Сағындық қара қылды қақ жаратын әділ билігімен танылған. Ал, Бұхар, Қуандық, Сүйіндік, Сүймен дейтін кісілер мыңды айдаған байлығымен ел-жұртқа пана болған. Әбілда болса тоғызқұмалақ, дойыбы ойындарынан жан баласынан ұтылмай, ру аралық бәсеке ойындарда әулетінің мерейін өсіріп отырған. Күні бүгінге дейін Жайлаукөлдегі Әбілда қыстауының желкесіндегі төбе үстінде әйгілі ойыншының жалпақ тасқа ойып түсірген тоғызқұмалақ ұялары мәрдей болып жатыр. Боранқұлдың әкесі Көшмағамбет ит жүгіртіп, құс салған, мылтық асынып, тұзақ құрған, табиғаттың тілін білетін аңшы ретінде төңірегін тәнті еткен. Тама-Жөгілдердің көш жолын қуалап Бетбақтың шөлімен жүрген жолаушы небір күңгірлеген күмбездерге қазір де куә болар еді. Ал, осы әулеттің ұлы тұлғалары Ықылас пен Сүгір күйшіні ауызға алғанда исі қазақтың мерей-мәртебесі аспандап шыға келетіні аян... Қысқасы, Боранқұлдың күйші ретінде

қалыптасуына шыққан тегінің, өскен ортасының шапағат-ықпалының болуы табиғи құбылыс.

Көшпелі өмір салтты тіршілігіне тірек еткен Арқа Тамалары жаз айларында Сарысу өзенінің бойындағы Қаражал, Қызылжар, Қылыш, Мұңлы, Қулы деп аталатын алапты жайласа, қара күз түсе Бетбақтың шөлін басып өтіп, Шу бойын қыстайтын болған. Бұл өңірлерде әрідегі Қорқыттан бастап, берідегі Жанақ, Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай, Ықылас, Қыздарбек, Сүгір сияқты дәулескер күйшілердің сан ғасырлық ұлы өнері рухани дәстүрге айналған. Сол дәстүрді тәу еткен ел ішіндегі Асан, Сәдібек, Шәмшілда, Әділ сияқты көкірегі қазына домбырашылардан Боранқұл жастайынан тәлім алып өскен. Әсіресе, нағашы ағасы Шәмшілданың өнерпаздық өнегесі Боранқұлға айырықша ықпал еткен. Жаны сергек, ел ісіне бел шешіп араласатын Шәмшілда ауылдық кеңестің төрағасы, Шымкент қалалық атқару комитетінің төрағасы сияқты жауапты қызметтер атқарып, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған. Ал, домбырашы ретінде 1936 жылы Қазақстан өнерпаздарының байқауына қатысып, Күләш Байсейітова, Манарбек Ержанов қатарлы өнер саңлақтарымен бірге жүлделі орынға ие болған. Шәмшілда өзінің жиені Баранқұлға домбырашылық өнердің қыр-сырын үйретіп қана қоймайды, сонымен бірге Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай сияқты дәулескер күйшілердің әрбір туындысының сыр-шежіресін тәптіштеп айтып, әрбір күйдіңтілін шешіп, саз-сарынын жорып, өмір құбылыстарын күй тіліне түсіруге баулиды. Содан да болар, Баранқұл күйші-домбырашы ретінде барша болмысымен Арқа мектебінің өрісін ұзартушы өнерпаз ретінде ден қойдырады.

Боранқұл Көшмағамбетұлының жастық шағы ел-жұрттың мал-мүлкін тәркілеу, ұжымдастыру (коллективизация), зорлықпен өмір салтты өзгерту, отыз екінші жылғы сүргін ашаршылық сияқты саяси-әлеуметтік аласапыран кезеңімен тұспа-тұс келді. Осындай қиын кезеңде Арқа жұртының қомақты бөлігі жан сауғалап, Қазақстанның оңтүстік өңіріне төңкеріле көшеді. Осы кезден бастап Боранқұл да өзінің ағайын-әулетімен бірге Шу, Талас өзендерінің бойын қоныс етеді. Шымкент облысының Сарысу, Талас аудандарында қырық бес жылдай ұстаздық қызмет атқарады. Барша қабілет - қарымын ұрпақ тарбиесіне арнайды. Табанды еңбегі Боранқұлды абырой биігіне көтеріп, Қазақстанның халыққа білім беру және ағарту ісінің озық қызметкері атағына ие болады.

Боранқұлдың күйшілік өнерінің бағы ашылып, бойындағы бұла дарынын халқының рухани игілігіне жаратқан кезі де осы ұстаздық еткен жылдары (1948-1993). Өмірден көріп-білгенін, сезіп-түйгенін күй тіліне түсіріп, ол өнері алдымен ауыл-аймағын баурап, өкше басар шәкірттерін еліктіріп, бара-бара байтақ қазақ даласына танылады. Өнегесі текті, сарыны соны күйлері Қазақ радиосының алтын қорына жазылады, Қазақтың Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясының оқу бағдарламасына енеді. 1987 жылы Самарқан қаласында өткен Орта Азия халықтарының дәстүрлі музыкасына арналған халықаралық симпозиумға қатысып, лауреат атанады.

Боранқұл Көшмағамбетұлының жұртшышыққа кеңінен тараған күйлері: «Ана жүрегі», «Ақ кесене», «Арнау», «Әттең-ай», «Әселдің арманы», «Балдызым», «Боздақтар», «Батыр», «Биле-биле», «Дауылдан кейін», «Даукер», «Жаңа жыл», «Жолайырық», «Жан сыры», «Желтоқсан», «Жер ортасы - Көктөбе», «Жолда», «Ешкіл таудың етегі», «Кең жайлау», «Көк кесене», «Кербез аққу», «Қайран елім, қазағым», «Қоштасу», «Құлагер», «Майданнан хат», «Мерген», «Немере жұбанышы», «Сағыныш», «Толғау», «Тракторшы қарындас», «Ұстаз», «Ықылас туралы толғау» т.б. Бұл күйлердің атауы аңғартып тұрғанындай, Боранқұл күйші ретінде ел өмірінің елеулі сәттеріне бейтарап қарамайтынын аңғаруға болады. Жалпы қазақтың күйшілік дәстүріне халықтың тарихи-әлеуметтік өмірін бейнелегіш шежірешілдік қасиет тән болса, осынау өміршең дәстүрді Боранқұлдың да темірқазақ еткені айқын байқалады.

#### **Әдебиеттер:**

Көшмағамбетұлы Боранқұл // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. - Астана : Күлтегін, 2002. – 814 б.

## Қазанғапұлы Тәттімбет (1815-1860)



Қазақтың күйші - композиторы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі Тәттімбет Қазанғапұлы.

Тәттімбет күйлері бұл күнде тек Қазақстан аймағына емес бүкіл совет тыңдаушыларына, тіпті Европа, Азия, Америка елдеріне де мәлім. Қазақ халқының аса бай, әрі өзіндік ерекшелігі мол музыкалық фольклорында XIX ғасырда өмір сүрген халық композиторы Тәттімбет шығармалары ерекше орын алады, оның есімі халық композиторлары Құрманғазы, Дәулеткереймен бірге аталады.

Тәттімбет 1815 жылы Қарқаралы ауданының Абай атындағы селолық округтің Қызылжар қыстауында орта шаруа жанұйясында дүниеге келген. Күйшінің әкесі Қазанғап орта дәулетті, ел жұртына қадірлі инабатты адам болған. Сондықтан Тәттімбет тұрмыстан кемшілік көрмей өседі. Бұл жағдай оның күйшілік өнерге жастайынан бой ұрып, талантының ерте қалыптасуына жағдай жасайды. Тәттімбетке домбрашылық өнер өзінің арғы тегінен бастап дарыған. Тәттімбет шыққан Қаракесектің Шаншар руында Битен, Шитен сияқты сөзге шешен, өнерпаз күйші - домбрашы серілер өткен. Бұлар өнердің қай түрінен болмасын құр алақан қалмаған. Күй тартуды ол бала жасында әлі домбрашыдан үйренеді, анасы Ақбөпе /Қалайы/ баласының күй шертіп үйренуіне ықылас білдірді.

Ел ішін жиі аралап, қалың көпшіліктің тұрмыс жағдайына, дәстүр-салтына көзі қана жүріп, ер жеткен Тәттімбет Балқантау, Қарқаралы төңірегіндегі күйші-домбрашылар өнерімен етене танысады. Сөйтіп, өсе келе ол бүкіл Сарыарқадағы Орта жүзге мәлім күйші атанды.

Туған өңіріндегі қалың елді тәнті еткен Тәттімбет «Сары өзен», «Қосбасар», «Сарыжайлау», «Теріс қақпай», «Сылқылдақ», «Былқылдақ», «Бес төре», «Азамат», «Алшағыр», «Көкейкесті», «Боз айғыр», «Бос торғай», «Қорамжан», «Ерке атан», «Ноғай қазақ», «Кер киік», «Сары қамыс», «Қашқан қалмақ», «Қара жорға», «Азына», «Балбырауын», «Жетім қыз», «Сал қоңыр», «Қош жанаған», «Шәйір қалды» барлығы қырықтан астам күйлердің авторы.

Тәттімбет күйлерінде негізінен өмір тартысы, тағдыр тауқыметі суреттеле отырып, адамдардың сұлулыққа құштарлығы, алыс қалған арманы, сайраған үміті, өкініш сарыны баяндалады. Композитор шығармаларының ең биік шыңы - «Көкейкесті» күйі. Бұл күйді Тәттімбет өмірінің соңғы жылдарында науқастанып жатып тартады. Мұнда халық шежіресінің ұлылығы мен ұлағатты ақыл-ойдың парасаты толғанады. Тәттімбет күйлерінде тілмен айтып жеткізе алмайтын асқан әсемділік пен музыкалық ой-дүниесінің жарасымдылығының сыры оның орындаушылық, яғни, домбраның қос шегін шерту тәсілдерінің неше алуан түрлерімен өрнектелуінде, оның асқан талантының, тамаша дарынының өзіндік ерекше қырын танытатын шығармасы - «Сылқылдақ» күйі. Бұл күйді композитор өзімен өнер сайысына күй төгілген домбрашы қызға арнап тартады. Тәттімбеттің «Қосбасар» күйінің бір түрін бірінші рет нотаға түсірген белгілі этнограф, музыка зерттеушісі, қазақтың 500 ән-күйлерін жинақтап, тұңғыш жарыққа шығарушы А.В.Затаевич.

Тәттімбет тек асқан күйші ғана емес, сонымен бірге сөзге де ұста, шешен, шыншыл, әділетті көксеген, ақын жанды адам болған. Ол реті келгенде жерде жуан таяқ бай-манаптарды өткір тілмен өріп, олардың дөрекі мінез, оғар қылықтарын бетіне айтудан тайсалмаған.

Тарихи құжаттарға қарағанда, 1855 жылғы 24 наурызда Россия патшасы II Александрдың таққа отыруымен байланысты болған тойға Тәттімбет өнерпаз ретінде Арқа қазақтарының өкілдерімен бірге Петербургке барады. Осы сапарында қос шекті домбырада өзінің тамылжыта тартқан күйлері арқылы Тәттімбет өнер сүйген қауымның назарын ерекше аударып, сыйлық ретінде күміс медальға ие болады.

Дарынды композитор, асқан күйші Т.Қазанғапұлы көп жасамаған. Ол 1862 жылы қырық жеті жасында дүние салған. Бірақ ол өзінің қысқа өміріне қарамастан, артына өшпес мұра қалдырып кеткен өнер иесі.

Тәттімбеттің құрметіне оның есімімен Қарағандыдағы өнер колледжі, Қазыбек би селосындағы Мәдениет үйінің халық аспаптар оркестрі аталады. Қазыбек би селосында күйшіге мемориалдық ескерткіш-стелла (горельеф), мемориалдық тақта орнатылған, оның есімімен аталатын көше бар. Алматы консерваториясында 1971 жылдан шертпе күйлер класы жұмыс істейді. Қорыта айтқанда, өткен ғасырда өмір сүрген күйші Тәттімбет өнері біздің Совет дәуірінде қайта түлеп, өзінің мұрагер ұрпақтарына жалғасты. Тәттімбет күйлері ХХ ғасырдағы қазақ музыкасының мәдениетіне үлес болып қосылып, халықтың музыкалық өнерінің алтын қорынан орын алды. Тәттімбеттің күйшілік мектебі біздің дәуірімізде профессионалдық дамудың даңғыл жолына түсіп, көп дауысты оркестр үнімен жаңғырды.

### Әдебиеттер:

Адамов Д. Тәттімбеттің күйлерін жеткізуші: ел іші- өнер кеніші // Орт.Қазақстан.- 2008.- 5 ақпан.- 4 б.

Асауова С. Күйші Тұрысбек: өнердің өз адамы // Астана хабары.- 2006.- 10 қаңтар.-4 б.

Ахметова Б.Т. Күйші Тәттімбет мұрасын насихаттаушы Т. Түсіпбеков.- Астана: "Сарыарқа" баспа үйі, 2004.- 126 б.: сур.

Әбенбаев С. Эстетикалық мәдениет негіздері: (оқу құралы).- Алматы: Дарын, 2005.- 280 б.

Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр; ред. З. Қабдолов.- Алматы: Қазығұрт, 2004.- 208 б.

Әбдешев М. Тәттімбет медальмен наградталған: Дерек // Орт. Қазақстан.- 2001.-31 қазан

Әбдіқалықұлы Ә. Тәттімбет хикаяты хақында: Оқыдық, пікір айтамыз // Балқантау.- Егіндібұлақ, 1996.- 19 қазан

Әбдіәкімов Ә. Қазақстан тарихы: Таным // Азия Транзит.- 2000.-N5 (тамыз).-30-42 б.

Әсемқұлов Т. Сарыжайлау ғұмыр: [Тәттімбет Қазанғапұлының туғанына 190 жыл] // Қазақ әдебиеті.- 2005.- №45. -4-5 б., Орт.Қазақстан.- 2005.-19,22 қараша.- 7 б.

Әукешова Ж. Тәттімбет туралы бірер сөз: /Тәттімбет ат-ғы ұлт-аспаптар оркестрі/ // Ленин туы.- 1986.- 6 желтоқсан

Баймұханбетов Р. Тәттімбет туралы фильм // Нар. трибуна.- 1994.- 13 тамыз

Баймұханбетова Р. Тәттімбет мұрагері-күйші Тұрысбек Түсіпбеков // Қазақстан музейлері.-2004.- N1(4). -53-55 б.

Балқашұлы Т. Тәттімбет күйлерінің дүбірлі мерекесі: Тәттімбет атындағы ІІ республикалық конкурсы қарсаңында // Орт.Қазақстан.-2004.- 20 қараша.-16 б. 23 қараша.-6 б.

Балташұлы Е. Тәттімбет - қоғам қайраткері // Орт. Қазақстан.- 2001.-31 қазан

Балташұлы Е. Бір қайнауы ішінде: Премьера // Орт. Қазақстан.- 2004.- 2 наурыз.-7 б.

Бегалин С. Күй күмбезі Тәттімбет және оның күй тарту мектебі. // Күй табиғаты.- Алматы, 1981.- 29-41 б.

Бейсембек Т. Конкурс шарттары және қалақ домбыра: Тәттімбет атындағы ІІ республикалық конкурс // Орт.Қазақстан.- 2004.- 30 қараша.-5 б.

Бейсембек Т. Сылқылдақ: Дастан // Орт. Қазақстан.- 2001.- 31 қазан

Бекенов У. Күй керуені: оқу құралы. Алматы: Өнер, 2002.- 144 б.

Бекенов У. Күй көтерер көңілдің көк жиегін.- Алматы: Қазақстан, 1975.- 48 б.

Бекенов У. Күй табиғаты.- Алматы: Өнер, 1980.- 174 б.

- Бекенов У. Ұлы күйшінің мұрагерлері: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл толуы қарсаңында // Ленин туы.- Егіндібұлақ, 1990.- 30 маусым
- Бектұров Ж. Домбра мұны // Орт. Қазақстан.- 1990.- 3 тамыз
- Бектұров Ж. Партия, соғыс және еңбек ардагері Н.Төкішевке ашық хат // Ленин туы.- Егіндібұлақ, 1990.- 31 шілде
- Бердібаев Р. Тәттімбет шыңы // Орт. Қазақстан.- 1990.- 18 желтоқсан
- Ғалым М. "Бес Төре" күйі кімдерге арналған? // Қазақ әдебиеті.- 2007.- 6-12 шілде (№27).- 7 б.
- Ермегияев А. "Тәттімбет - Тәңірінің тартуы": "Отан" партиясының төрағасы А.Ермегияевпен сұхбат; Сұхбаттасқан Е.Балташұлы // Орт.Қазақстан.- 2004.- 30 қараша.-1,4 б.
- Жазықбаев, Е. Тұрысбек күйші – Тәттімбет мұрагері: Өнер // Азия Транзит.- 2003.- N4.-50, 51 б.
- Жақанов И. Аққулар қонған айдын көл: Деректі әңгімелер, эсселер.-Алматы: Жазушы, 1988.- 208 б.: портр.
- Жақанов И. Тәттімбет күйлері шертілген кеш // Аққулар қонған айдын көл.- Алматы, 1988.- 163-176 б.
- Жанғожин А. Тәттімбеттің кітабы - «Саржайлау». // Орт. Қазақстан.- 1989.- 28 қаңтар
- Жандаев Ш. Тәттімбет өмірін зерттеген // Орт.Қазақстан.- 1990.- 25 шілде
- Жарылғапова Г.Б. Сайдалы Сары Тоқа // Жанаарқа.- Атасу, 2006.- 5 тамыз.- 3 б.
- Жолдасбекұлы М. Елтұтқа: Ел тарихының әйгілі тұлғалары / М.Жодасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек.- Астана: KUL TEGIN баспасы, 2001.- 358 бет.: сурет
- Жұбанов А.Қ. Ән-күй сапары.- Алматы: Қазақ ССР-нің "Ғылым баспасы, 1976.- 479 б.
- Жұбанов А. Ғасырлар пернесі.- Алматы: Дайк - Пресс, 2002.- 328 б.
- Жұмағали С. Күй күмбезі Тәттімбет атындағы конкурс өткізілді: өнер // Азия Транзит.- Қарағанды, 2004.- N12.-42-43 б.
- Жүзбасов Қ. Күй ғұмыр // Орт. Қазақстан.- 2001.-31 қазан
- Жүзбасов Қ. Күй ғұмыр // Қазақ әдебиеті.- 1990.- 7 желтоқсан
- Зиялдуллақызы Г. Ұлы баба рухына бағышталады: Тәттімбет атындағы I Республикалық конкурс // Орт.Қазақстан.- 2001.-24 қазан
- Кенжалиев И. Қос ішек: Құрманғазы, Тәттімбет /ред. Алтынбекова Р.- Алматы: Өнер, 1990.- 216 б.
- Күй қайнары / құраст. А. Райымбергенов, С. Аманова.- Алматы: Өнер, 1990.- 288 б.
- Қажымұқанұлы Ә. Шертпе күйдің шебері: Тәттімбеттің туғанына - 190 жыл // Взгляд на события.- Қарағанды, 2005.- 2 қараша(N43).-18 б.
- Қазақтың шертпе күйлері.- Қарағанды: Болашак-Баспа, 2006.- 176 б.
- Қалқаман Жүнісбекұлының екі күйі // Парасат.- 2006.- №4. -18 б.
- Қарағанды облысы. Қарағанды облыс әкімі. Мәди Бәпиұлының 125 жылдығын және Тәттімбет Қазанғапұлының 190 жылдығын мерекелеу туралы: Қарағанды облысы әкімінің өкімі // Орт.Қазақстан.- 2005.- 23 сәуір.-2 б.
- Қауысов Б. Өнерімен Арқаның кім таласар!? // Орт.Қазақстан.- 2001.-5 мамыр
- Қауысов Б. Ұлы күйшінің ұрпақтарын іздеген байқау: Өнер күнделігі // Орт. Қазақстан.- 2000.- 20 желтоқсан
- Қуанбаев А. Күй құдіреті Тәтекең!: Тәттімбеттің туғанына 190 жыл толуына // Орт. Қазақстан.- 2005.- 9 шілде.-16 б.
- Ләмбеков С. Тәттімбет: Хиқаят.- Алматы: Өнер, 1993.- 272 бет
- Ләмбеков С. Тәттімбет: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл толуы қарсаңында // Ленин туы.- Егіндібұлақ, 1990.- 17,27, ақпан, 3, 10 наурыз, 12 сәуір, 5 мамыр
- Мұсаұлы Ы. Сыңғырлаған сұлу саз // Орт. Қазақстан.- 2001.-31 қазан
- Мерғалиев Т. Тәттімбет күйлерінің тарихы туралы // Қазақ әдебиеті.- 1963.- 19 шілде

- Мұстафин Б. Тәттімбет Қазанғапұлы: Арқа ардақтылары // Орт. Қазақстан.- 1990.- 12 қаңтар
- Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы Мәтін]. Т.4. Абай мұрагерлері. Естеліктер.- Алматы: Алаш, 2005.- 328 б.- (Алаш мұрасы)
- Нәсенов Б. VIII-Бөлім: Сегізінші том. Он екінші кітап : Тәттімбет. Он үшінші кітап : Мәди.- Алматы; Новосибирск, 2005.- 245 б.: фото
- Омарбекұлы М. Ұлан даланың ұлы күйшісі: /С.Ләмбекұлының «Тәттімбет» романы туралы// Балқантау.- 1995.- 12 сәуір
- Омарбекұлы М. "Тәттімбеттің Алтын домбырасы" атты қор құрылды // Қарқаралы.- 2004.- 3 шілде
- Оразбай Е. Тылсымы көп, тұңғығы терең тұлға: Тәттімбет атындағы II республикалық конкурс // Орт.Қазақстан.- 2004.- 30 қараша.-5 б.
- Попов Ю. Ұлы күйші мұрасы // Коммунизм таңы.- 1990.- 31 шілде
- Рахымбайқызы Н. Күй күмбезі Тәттімбет: Тәттімбет Қазанғапұлының туғанына 190 жыл //Қарқаралы.- 2005.- 9 шілде.-2 б.
- Рүстемова Г. "Қарағайдың түбінен қайырып алған қобызым" // Орт.Қазақстан.- 2000.-30 желтоқсан
- Садырова Т. Тәттімбеттің тәтті күйі тербейді: ұлы күйші Тәттімбеттің туғанына 190 жыл //Дала мен қала.- 2005.- 16 желтоқсан.-12 б.
- Садырова Т. "Өнер алды-қызыл тіл": Ұлы күйші Тәттімбеттің туғанына 190 жыл // Дала мен қала.- 2006.- 6 желтоқсан(N49)-8 б.
- Салықов К. Күйші: [Тәттімбет Қазанғапұлының туғанына 190 жыл] // Егемен Қазақстан.- 2005.- 18 қараша.-5 б.
- Салықов К. Тәттімбет: Поэма мен өлеңдер.- Алматы: Ж.Ш.С. Жалын, 1998.- 192 б.
- Салықов Т. Тәттімбет: поэма, өлеңдер, толғау.- Астана: Фолиант, 2005.- 220 б.
- Сатаев А. Шадыман: Тәттімбет туралы повесть // Орт. Қазақстан.- 1968.- 24 шілде
- Сауғабаев К. Той дүбірі жақын: /Тәттімбеттің туғанына 175 жыл толу қарсаңында// Орт. Қазақстан.- 1990.- 29 маусым
- Сәдуақасова А. Ұлы күйшіге арналады: Тәттімбеттің 190 жылдығына // Орт.Қазақстан.-2005.- 16 маусым.-13 б.
- Сейдімбек А. Тәттімбет Қазанғапұлы: (1815-1860)// Орт. Қазақстан.- 2001.-31 қазан
- Сейдімбек А."Қазақтың ғұмыры- күй ғұмыр": Қаламгер А.Сейдімбекпен әңгіме / әңгімелескен Т.Майбас // Орт.Қазақстан.- 2004.- 30 қараша.-4 б.
- Сейдімбек, А. Қазақтың күй өнері / А.Сейдімбек.- Астана: Күлтегін, 2002.- 832 бет
- Сейдімбеков А. Бес төре // Орт. Қазақстан.- 1990.- 14 шілде
- Сейдімбеков А. Тәттімбет // Орт. Қазақстан.- 1992.- 13, 14 наурыз
- Семқұл Б. Тәттімбеттің бас сүйегі қайта жерленді ме? Жерленбесе қайда ол: Қазақстан Республика назарына// Азия Транзит.- 2000.- 27 қаңтар(N3).-6 б.
- Семқұлтегі Б. Тәттімбетті сан қырынан танытып, сомдаған туынды // Балқантау.- 1994.- 12 қараша
- Смағұлов Ғ. Ұлы күйшіні ұлықтаған зерттеуші// Орт. Қазақстан.- 2001.-31 қазан
- Тайтөлеуов Ж. Күмбірлеген күй-құдырет, күй-арман: Халық композиторы Т.Қазанғапұлының туғанына 185 жыл толуына арналған толғау// Орт. Қазақстан.- 2000.- 19 шілде
- Тарақты А. Тәттімбет // Қазақтың әйгілі күйшілері. IX-XX.- Алматы, 1992.- 11 б.
- Тәттімбет (Будут звучать в веках).- Қарағанды: Полиграфия, 1993.- 109 б.
- Тәттімбет. Сылқылдақ: (қазақ халық аспаптары оркестріне арналған партитура) / Тәттімбет; Тәттімбет; Күйлерді өңдеп, оркестрге түсірген Ә. Шоқанбаев.- Қарағанды: [б.ж.], 2004.- 108 б.
- Тәттімбет Қазанғапұлы: (1815-1862) // Орт. Қазақстан.- 2001.-31 қазан
- Тәттімбет Қазанғапұлы // Қазақ ССР. 4 томдық энциклопедия. Т 4.- Алматы, 1989.- 565 б.

- Тәттімбет Қазанғапұлы // Қарағанды.Қарағанды облысы. Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 532 б.
- Тәттімбеттің туғанына 175 жыл. // Ленин туы.- 1990.- 4 тамыз
- Тәукейұлы Ы. Тәттімбетке тағзым //Орт.Қазақстан.- 2005.- 10 қараша.-16 б.
- Тоғжанов, Е.Л. Атамекен: Оқу құрал / Е.Л.Тоғжанов, Т.Т.Аршабеков.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 324 бет.
- Тойбек Ж. Шертпе күйдің атасына арналды: Тәттімбеттің туғанына - 190 жыл // Орт. Қазақстан.- 2005.- 3 қараша.-11 б.
- Тоқтамысов Т. Тәттімбет және оның мұрагерлері// Орт. Қазақстан.- 2000.-27 желтоқсан
- Тоқтаған А. Күй аңыздары мен мектептері // Ана тілі.- 2004.- N11. -6 б.
- Төкешев Н. Жазушы Жайық Бектұровқа ашық хат: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл //Ленин туы.- 1990.- 17 шілде
- Төкешев Н. Кемел күйші Омбыдағы қабылдауда: /Т.Қазанғапұлының 175 жыл толуына/ // Ленин туы.- 1990.- 29 қыркүйек
- Төкешев Н. Күй күмбезі // Орт. Қазақстан.- 1990.- 3 тамыз
- Төкешев Н. Тәттімбет Омбыда // Орт. Қазақстан.- 1990.- 7 қазан
- Төкешев Н. Халық композиторы Тәттімбет // Ленин туы.-1990.- 21 шілде
- Тұралықызы Т. Сарыарқаны күймен күмбірлескен: Ұлы күйші Тәттімбеттің туғанына 190 жыл //Дала мен қала.- 2005.- 2 желтоқсан(N48).-8 б.
- Тұрсынбаев Б. Тәттімбеттің бас сүйегін Шаяхметов қана біледі // Жас Алаш.- 2002.- 14 наурыз(N31).-7
- Түсіпбеков Т. Деректі кітап шығару қажет: Т.Қазанғапұлының туғанына 185 жыл толуы қарсаңында // Сарыарқа.- 1999.- 18 қыркүйек
- Түсіпбеков Т. Кемеңгердің көлеңкесі де ыстық // Ленин туы.- 1990.- 28 шілде
- Түсіпбеков Т. Тәттімбет: Деректі повесть.- Қарағанды, 1993.- 110 б.
- Түсіпбеков Т. Тәттімбет - бәрімізге тән тұлға: тілек // Жаңа жол.- Киевка, 1993.- 16 қаңтар.-3 б.
- Түсіпбеков Т. Тәттімбет - «Саржайлау» // Ленин туы.- 1990.- 11 қаңтар
- Түсіпбеков Т. Тәтті күйдің атасы - Тәттімбет: [Тәттімбет күйлері туралы] // Азия.- Тразинт 1993.- № 41.-қазан. -8 б.
- Түсіпбеков Т. "Тірілтіп Тәттімбеттің он саусағын": Тәттімбет атындағы өлкетану мұражайының меңгерушісі Т.Түсіпбековпен әңгіме /Әңгімелескен Ж.Райымбекқызы // Орт.Қазақстан.- 2005.-1 қаңтар.-13 б.
- Түсіпбеков Т. Шертпе күйдің атасы // Сарыарқа.- 1994.- №5.-3-15 б.
- Тілеухан Б. "Қазақтың қаны-қобыз, жаны-домбыра":ҚР парламенті Мәжілісінің депутаты, әнші Б.Тілеуханмен сұхбат /сұхбаттасқан Т.Майбас // Орт.Қазақстан.- 2004.- 2 желтоқсан.-3 б.
- Тілеухан Б. Шертпе күйдің дәстүрін жалғастыру -парыз: Респ. мәдениет комитетінің төрағасы Б.Тілеуханмен әңгіме /әңгімелескен С.Сексенұлы //Орт.Қазақстан.- 2001.-31 қазан
- Ысқақов Б. Тәттімбеттің тәтті күйлері // Дала мен қала.- 2005.- 18 қараша(N46).- 16 б.
- Янушкевич А. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар.- Астана: Аударма, 2003.- 264 б.- (Тарих.Таным.Тағдыр)

### **Қарымсақұлы Әшімтай (1808-1903)**

Сарыарқадағы күйшілік мектептің орнығып, шыңдалуына ықпал еткен дәулескер күйшілердің бірі - Әшімтай Қорамсақұлы. Әшімтай Қарағанды облысының Балқаш қаласына жақын маңдағы Ортадерсін ауылында 1808 жылы дүниеге келіп, осы ата қонысынан 1903 жылы топырақ бұйырған. Күйшінің шыққан тегі Орта жүз Арғын, оның ішінде Балқаш төңірегін, Тоқырауын бойын қоныс еткен Дада тобықтылар. Аға баласы



деп аталатын Дада тобықтылардан алты ата Бораншы өрбіген. Олар Үмбетбай, Байбазар, Қонақбай, Абыз, Құдайберген, Бақал деп аталады. Осылардың ішіндегі Бақалынан Әшімтайдың аталары тарайды.

Әшімтайдың арғы атасы Бәйтелі деген кісі Орта жүзге даңқы жайылған бақсы болған. Қобызбен күй шалып, сәуегейлік айтып, келер күндерді болжаған. Қобызын бәйгеге қосып, төңірегін тәнті еткен. Бәйтеліден туған Балақай, Күшік, Андас, Беден, Қарымсақ (Жаман) деген балалары да шетінен өнерпаз, әнші-күйші, ақын-жыршы болған. Осы қасиеттеріне қатысты ел ішінде күні бүгінге дейін айтылатын мынандай өлең жолдары бар:

«Балақай, Беден, Күшік, Андас, Жаман,  
Қиыннан қиыстырып өлең табам»...

Осы әулеттің Қарымсағынан (Жаман) туған Әшімтай күйшілік өнерді өмірінің мағнасына балаған біртуар өнерпаз болған. «Ол күй тартқанда көктегі құс айналып, көгендегі қозы жусап желі басына жылқы үйездейді екен» дейді. Тоқырауын бойының көне көз қарттары. Мұнысы табиғатпен тілдес көшпелі елдің мұң-сырын, сезім-әсерін күй тілімен Әшімтайдың дәл жеткізе алатын өнерпаздығын айтқан болу керек. Айтса айтқандай, Әшімтайдың бір ғана «Қоңыр қаз» күйі табиғат пен адамның, табиғат пен қоғамның тағдырлас болмысын жеріне жеткізе жырлаған, философиялық синтезге толы терең мағыналы күй. Күйдің әуен-ырғақтық бітімі, бір қарағанда, табиғатқа еліктеген натуралистік сипат танытқанымен, оның саз-сарынындағы терең толғаныс, құрылысындағы мінсіз тұтастық және тартылу тәсіліндегі даралық Әшімтайды қазақ күйшілерінің маңдай алды өкілдерінің бірі ретінде мойындауға мәжбүр етеді.

Бүгінгі күнге Әшімтайдың «Қоңыр қаз» күйін бел баласы Хамзе жә өңірдің әйгілі күйшісі Аққыз Ахметқызы жеткізді. Хамзенің домбыраны кие тұтқаны сонша, 105 жыл ғұмыр кешіп, дүниеден озарында жанындағыларға ымдап, домбырасын төсіне қойдыртып көз жұмып еді дейді. «Қоңыр қаз» күйін жеріне жеткізіп тартқан күйші - Әшімтайдың немересі, Қазақстанның халық артисі Мағауия Хамзин.

#### **Әдебиеттер:**

Әшімтай Қарымсақұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 156 б.

Қарымсақұлы Әшімтай // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 771 б.

Қоңыр қаз // Бекенов У. Күй керуені: оқу құралы. - Алматы : Өнер, 2002. - 103 б.  
Тоқтамысов Т. Әшімтайдың "Қоңыр қазы" // Орт.Қазақстан.- 2001.- 27 қаңтар

#### **Орынбекұлы Бегімсал (1911-1985)**

Бегімсал Орынбекұлы - күйші-домбырашы. Қарағанды облысының Шет ауданына қарасты өңірде туып-өскен. Руы - Орта жүз Арғын, оның ішінде Қаракесек.

Бегімсалдың өскен ортасы күйшілік өнерді айырықша қастерлеп, ғажайып дәстүр қалыптастырған. Ол дәстүрдің әйгілі өкілдері Тәттімбет, Тоқа, Ықылас, Дайрабай сияқты дәулескер күйшілер болса, олардың өкшесін басып, ұлы мұрасын жалғастырушы Қыздарбек Төребайұлы, Әбди Рысбекұлы, Сембек Айдосұлы, Мақаш Садуақасұлы, Баубек Жарылғапұлы, Ахметжан Сармантайұлы, Манарбек Ержанұлы, Әбікен Хасенұлы, Мағауия Хамзин сияқты күйші-домбырашылар қатарында Бегімсал Орынбекұлының есімі де құрметпен аталады. Арқаның күйшілік дәстүрін жеріне жеткізе игерген Бегімсалдың репертуарында жетпіске тарта күй болған. Солардың ішінде Абылай ханның, Тәттімбеттің, Тоқаның, Дайрабайдың, Қыздарбектің күйлерін нәшіне келтіре таратқан. Өкініштісі, 1937-38 жылдардағы репрессиялық саясат кезінде осы өңірден Ахметжан, Кәріпбек (Шортанбай ақынның жиені), Әбди, Сембек сияқты әйгілі күйші-домбырашылар тек қана күй тартқаны үшін атылды да, тірі қалған Бегімсал сияқты

күйші-домбырашылар күй тартудан жасқанып, жан сауғалауға мәжбүр болды. Нәтижесінде тамырын тереңнен таратқан күйшілік дәстүрдің сабақтастығына өлшеусіз нұқсан келді.

Бегімсал кезінде Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Әбікен сияқты күйші-домбырашылардың алдын көріп, олардың өлмес өнеріне құлақ құрышын қандырып өссе, өз кезегінде Сыдық Мұхамеджанов, Мағауия Хамзин сияқты музыка саңлақтарының дарынын ұштауға ықпал еткен.

Бегімсал Орынбекұлы дәулескер домбырашышығына қоса, өз жанынан «Бес перне», «Мырза шертпек» атты күй шығарған көшелі күйші де. Бегімсал марқұмға Қарағанды облысының Босаға теміржол станциясынан топырақ бұйырды.

#### **Әдебиеттер:**

Орынбекұлы Бегімсал // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 809 б.

### **Рысбекұлы Әбди (1868-1931)**

Рысбекұлы Әбди - Қарағанды облысының Шет ауданына қарасты Аюлы елді мекенде туып өскен дәулескер күйші домбырашы. Тоқырауын бойында қалыптасқан күйшілік мектептің көрнекті өкілі. Әйгілі Қыздарбек күйшінің шәкірті, тамаша күйші домбырашы Әбікен Хасеновтың ұстазы.

Әбди әрідегі Итаяқ, Тәттімбет, Тоқа күйлерін, өз замандастарынан Қыздарбек, Ақмолда, Сембек, Мақаш, Ахметжан, Кәрібек күйлерін нәшіне келтіріп тарататын шебер домбырашы болған.

Әбдидің шыққан тегі –Орта жүз Арғын ішіндегі Қаракесек руы, оның ішінде Кәрсөн атасынан өрбіген. Әбди өз жанынан көптеген сазды күйлер шығарған. Алайда, бүгінгі күнге оның «Қарғыс», «Зар қосбасар» атты екі ақ күй жеткен. Мұның себебі, Әбди Рысбекұлы «ескілікті, социализмге жат өнерді насихаттағаны үшін» деген айыппен 1931 жылы атылады. Дәл осындай айыппен сол жылдары бірінен-бірі өткен әйгілі күйшілер Сембек пен Ахметжан да озбыр саясаттың құрбаны болған. Мұнан кейін іле-шала 1937-38 жылдардың репрессиялық сүргіні басталады. Осы елге жиен болып келетін Сәкен Сейфуллин атылды. Осындай аласапыраннан кейін, бір кезде күймен тербіліп ұйықтап, күймен серігіп оянатын ел-жұрт, енді домбыра мен қобыз көрсе үрейленетін халге жеткен. Мұндай ахуалдан кейін, бірер ұрпақ алмасқанда халықтың жады көмескі тартып шыға келді.

Әбди атылар алдында сауға сұрап, өзінің «Зар қосбасар» күйін өкше басар інісі Әбікен Хасеновке үйретіп кетуді өтінген. Өзек өртенгендей тың сарын күйге ынтық Әбікенге қатты әсер етіп, «Ақке-ай, енді бір тартыңызшы» деп, жалбарынып отырып, түрме ішінде екінші рет тартқызған. Бұл күйді Әбікен Хасенов 1957 жылы-өлерінен бір жыл бұрын ғана Қазақ радиосына жаздырды. Әбдидің әйгілі «Қосбасары» замана талқысынан өтіп, бүгінгі күнге осылай жеткен.

Әбди атылған соң оның артында қалған жанұясы мен ет жақын туыстары да қуғын көрген. Әбдидің әйгілі Әлімжан деген баласы мен Күләш есімді келіні жан сауғалап, жер ауып, өмірлерін Бішкек қаласында өткізіп келеді. Бұлардан үш ұл, бір қыз бар.

#### **Әдебиеттер:**

Әбди (XIX-XX) // Қазақ күйлерінің тарихы: оқулық / Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен. - Алматы: 2000. - 371 б.

Рысбекұлы Әбди // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 790 б.

## Сармантайұлы Ахметжан (1877-1930)



Дарынды күйші, сазгер А.Сармантайұлы 1877 (кей деректе 1860-1929) жылы Семей губерниясының Қарқаралы үйезіне қарасты Тоқырауын болысындағы Қусақ даласында (қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы) дүниеге келген.

Атасы Байзақ батыр, әкесі Сармантай ел билеген болыс болған. Өз жанынан бірнеше күй шығарып, халық күйлерімен қоса, Тәттімбет шығармаларын шебер орындаған.

1926-28 жылы Ақтоғай-Балқаш атырабында байларды тәркілеу науқаны жүргізіліп, ел басына зобалаң туғанда ел күйзелісіне күйімен үн қосып, «Қасірет», «58-інші статья» күйлерін шығарған.

Байдың тұқымы ретінде бірнеше рет қамалып, күшпен ұжымдастырылуға қарсы ұйымдастырылған Балқаш бойындағы (бунтқа) қатысқан. Ақыры 1930 жылдың 12 наурызында ұсталып, осы жылдың 22 қыркүйегінде үштіктің үкімімен РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-2,10 статьясы бойынша сотталып, ату жазасына кесілген.

Қарқаралы түрмесінде Ахметжанмен бірге Бижанұлы Сүлеймен, Адамбайұлы Әбілқан дейтін азамат бір күнде атылып, тас байдлаған денелері қара суға тасталады. А.Сармантайұлының күйлерін өз қолынан үйреніп, кейінгі ұрпаққа жұғысты еткен күйші домбырашылар: Хасенұлы Әбікен, Түсіпбекұлы Әзіхан, Тілеуханұлы Изат.

1992 жылы 26 мамырда Қазақстан Бас прокуратурасының шешімімен ақталады.

1997 жылы А.Сармантайұлының 120 жылдық мерейтойы тойланды. Балқаш қаласында А.Сармантай атына көше берілген.

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының орталығында қуғын-сүргінге ұшырап, құрбан болғандарға орнатылған мәрмәр тасқа 120 азаматтың аты-жөні қашалған. Соның ішінде Сармантайұлы Ахметжанның да аты-жөні тұр.

А.Сармантайұлының күйлері «Саржайлау», «Сегіз аяқ», «Теріс-қақпай», «Елу сегіз», «Қосбасар» (екі түрі бар), «Қасірет», «Көкейкесті» т.б.

### Әдебиеттер:

Арқаның ардақты перзенті // Сарыарқа саңлақтары. Қарағанды өңірінде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан халық дарындыларының өмірі мен өнері туралы. - Павлодар: «ЭКО» ҒОФ, 2007.-57 б.

Ахметжан Сармантайұлы // Тоғжанов Е.Л. Т.Т. Аршабеков-Атамекен: Оқу құрал. - Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 235 бет.

Сардарбек К. «58-статья зарзаман». – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 200 бет.+ 12 бет жапсырма.

Сармантайдың Ахметжаны // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / Бас редакторы А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 458 б.

Сармантайұлы Ахметжан // Тағдыр тәлкегіне түскен тарихи тұлғалар: қарағандылық саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы = История трагических судеб: карагандинцы-жертвы политических репрессий : библиографиялық анықтамалық. - Қарағанды, 2008. - 114 б.

Сармантайұлы Ахметжан // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 792 б.

## Дәулетбек Сәдуақасов (1938-2009)



Д.Сәдуақасов 1938 жылы 10 наурызды Шет ауданының «Жас терек» колхозында (қазіргі Тағылы ауылдық округі) дүниеге келген.

Жеті жасынан домбыраға әуестенген өнерпаз жеткіншек 1950-ші жылдары елге келген атакты күйші Әбікен Хасеновтің көзін көріп, күйлерін үйренеді. Ауыл шаруашылығының әр саласында, партия, кеңес қызметтерінде жемісті еңбек ете жүріп, ұлттық өнерімізді, Арқа өңіріне кең тараған – шертпе күйді насихаттауға зор үлес қосқан дәулескер күйші 1988 жылы аудандық «Ақсу-Аюлы» ән-би ансамблінің құрамында Алматыда өнер көрсетіп, Аоқаның атакты күйшілері Қыздарбек, Тәттімбет, Тоқа, Әбди, Сембектердің күйлерін қазақ музыкасының алтын қорына жаздырады. Республикалық «Мәңгілік сарын», «Күй керуен» байқауларына қатысып, республика жұртшылығына кеңінен танылған дәулескер күйшінің өнердегі еңбегі орынды бағаланып, 2009 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері атағы берілді.

2008 жылы Дәулетбек Сәдуақасовтың тікелей басшылығымен республикалық «Күй-керуен» байқауы Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлыда өтті.

Дәулетбек – шебер күйші ғана емес, өзі де күй шығаратын шалымды сазгер, көптеген шәкірттер тәрбиелеп, өнер додасына қосқан ұлағатты ұстаз. Оның «Аралбай баба: бірінші толғау, екінші толғау», «Қуаныш» атты күйлері саздылығымен, көңіл толқытар нәзік иірімдерімен ерекшеленеді.

### Әдебиеттер:

Сәдуақасов Д. Шеркөкіректі шертпе күй / әңгімел. Ш.Сатыбалдиева // Қазақ әдебиеті. - 2008. - 5-11 қыркүйек (№ 36). - 14-15 б.

Сәдуақасов Д. Мәдениетіміздің мәйегі: күйші Д.Сәдуақасовпен сұхбат / сұхбаттасқан С.Тұяқбайқызы // Шет шұғыласы. - 2008. - 22 мамыр (№ 23). - 3 б.

Сәдуақасұлы Д. Арқа күйлері [Электрондық ресурс] / Д. Сәдуақасұлы ; жауапты ред. Г. Салықбай. - Алматы : ЕЛ продюсерлік орталығы, [2010?]. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM).

Жосалбай С. Дәулескер күйші - Мәдениет қайраткері // Орт.Қазақстан. - 2009. - 14 шілде (№ 104). - 4 б.

Дарабоз // Заман. - 2007. - 18 қазан (№ 42). - 1 б.

Дәулетбек Сәдуақасұлы // Орталық Қазақстан. - 2009. - 24 қазан (№ 162/163). - 7 б.

Қабылдаұлы С. Алыптардың көзін көрген соңғы тұяқ: өнер жұлдыздары // Орт.Қазақстан. - 2008. - 6 наурыз. - 6 б.

Қабылдаұлы С. Өнерді әспеттеген әкім // Заман. - 2007. - 26 шілде (№ 30). - 5 б.

Саяжанқызы М. Шертпе күйдің шебері // Мысты өңір. - 2009. - 6 ақпан (№ 5). - 1 б.

Сәдуақасов Қ. Д. "Қос шекте бебеу қаққан беу - дүние": Қ.Д.Сәдуақасовпен сұхбат / сұхбаттасқан С.Сексенұлы // Орт.Қазақстан. - 2010. - 30 қазан (№ 177/178). - 6 б.

Тұяқбайқызы Қ. Алыптардың көзін көрген соңғы тұяқ: күй күдіреті // Заман. - 2006. - 14 қыркүйек. - 4 б.

## Төребайұлы Қыздарбек (1850-1922)


Төребайұлы Қыздарбек 1850 жылы туған. Арқадағы шертпе күйдің атакты шебері. Шет ауданының түлегі, Арғынның Қаракесек руынан. Әкесі Төребай орта шаруа иесі болған. Қыздарбек жастайынан өнер соңына түсіп, ел аралап, күй өнерін жоғары сатыға көтерген шебер орындаушыдан парасатты күйшіге жеткен. Арқа өңірінің күй атасы атанған қарт күйші Итаяқтан бата алған. Қыздарбектің тек аршадан ғана құрастырылып

жасалған домбырасы 1934 жылы Тасаралда қайтыс болған Қажыкей дейтін ұлының қолында сақталып келген. Қыздарбек күй арқылы Итаяқпен қағысып, Тоқа Шоңманұлымен өнер жарыстырған. Қыздарбектің «Сылқым қыз» күйі жеңіл ырғақты болса, «Өткінші өмір» күйі өкінішті арманға толы. «Жұбату» күйі шәкірті Әбдидің жалғыз ұлы қаза болғанда дүниеге келсе керек. Сонда Әбди күйші өзінің «Зар қосбасарын» тартыпты беріпті-міс. Қыздарбектің бірнеше «Қосбасары» бар. Шәкірттері Ақмолда, Сембек, Әбди, Мақаш, Кәрібек, Рысқұлбек, Бегімсал күйшілер.

### Әдебиеттер:

- Бекенов У. Ұлы күйшінің мұрагерлері: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл толуы қарсаңында // Ленин туы.- Егіндібұлақ, 1990.- 30 маусым
- Жүнісов К. Көксеу: повестер. - Алматы : Өнер, 1991. - 184 б.
- Қабылдаұлы С. Алыптардың көзін көрген соңғы тұяқ: өнер жұлдыздары // Орт.Қазақстан.- 2008.- 6 наурыз.-6 б.
- Қазақтың шертпе күйлері.- Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006.- 176 б.
- Қыздарбек Төребайұлы // Бекенов У. Күй керуені: оқу құралы.- Алматы: Өнер, 2002.- 38 б.
- Қыздарбек күйші және оның шәкірттері // К. Жүністегі.- Сарыарқа санлақтары. - Павлодар : ЭКО ҒӨФ, 2007. - 209 б.
- Майбас Т. Ұрпағы ұлы күйшіні ұлықтады // Орт.Қазақстан.- 2000.- 6 желтоқсан
- Сәдуақасов Д. Шеркөкіректі шертпе күй /әңгімел. Ш.Сатыбалдиева // Қазақ әдебиеті. - 2008. - 5-11 қыркүйек (№ 36). - 14-15 б.
- Саяжанқызы М. Шертпе күйдің шебері // Мысты өңір. - 2009. - 6 ақпан (№ 5). - 1 б.
- Тоқтамысов Т. Тәттімбет және оның мұрагерлері // Орт.Қазақстан.- 2000.-27 желт.
- Тұяқбайқызы Қ. Алыптардың көзін көрген соңғы тұяқ: күй құдіреті // Заман.- Ақсу-Аюлы, 2006.- 14 қыркүйек.-4 б.

### Тұрысбек Түсіпбеков (1948)



Тәттімбет күйлерін қалың жұртшылық қауым алдында насихаттап, ел арасына кеңінен таратуда кейінгі лек жас домбырашылардың да зор үлесі бар Солардың бірі – Егіндібұлақтық Тұрысбек Түсіпбеков.

Т.Түсіпбеков 1948 жылы Егіндібұлақ селосы, Мыржық тауы ішіндегі Мөшке-Мыңбай бұлағы деген жерде дүниеге келген. Ақмоланың С.Сейфуллин атындағы педагогикалық

институтын бітірген.

Тұрысбек даңқты бабасы Тәттімбетпен аталас туыс. Достар тауындағы жер аттары Мөшеке – Маңыбай бұлағы бұлардың аталарының есімдері. Мәшеке Тәттімбеттің үлкен әкесі болса, Маңыбай – Тұрысбектің арғы атасы. Осындай ортадан шыққан жас баланың икемі мен талабын бірден байқаған ауылдағы Тәттімбеттің немересі Зейнолла Қаймолдин ақсақал : «бұлақ көрсең көзін аш » демекші оның құлағына атақты күйші бабасы туралы әңгіме құйып, шығарған күйлерінің тарихын қызықты етіп әңгімелеп, домбыра тартқызып үйрете бастайды. Бұған Тұрысбек қатты қызығушылықпен құлай беріліп, өзінің зеректігімен бірнеше күйді тез үйреніп алады. Сондықтан болар, жас домбырашы ұлы күйшінің шығармаларын орындағанда күй табиғатына шын жүрегімен беріліп, тебіреніс үстінде тартады. Ол әсіресе «Сылқылдақ» сияқты сырға толы сылқ – сылқ күлген күйді үзілдіріп жандандырып шертеді. Балаң жігіт шағында Тәттімбеттің көпке белгілі шығармаларын ел арасындағы шебер орындаушылардан жалықпай тындап, оны аудармай тартып жүрген Тұрысбек бертін келе сол туындылардың сырына терең бойлауға, оның шығу тарихын зерттеп – білуге ден қояды. Сол ізгі мақсат жетелеген ол композитор туып - өскен Сарыарқаның сайын даласындағы талай

ауылдарда болып, ескінің көзі қариялардан, домбырашылардан Тәттімбет туралы естіген – білгендерін тырнақтап жинап, қағаз бетіне түсіруге кіріседі.

Ол алпысыншы жылдардың екінші жартысында түрлі ойын – сауық кештері мен көркемөнерпаздар байқауында Тәттімбеттің күйлерін орындаушы ретінде сахналарға шығып, өнер сүйер қауымға кеңінен таныла бастайды. Тәттімбет шығарған 40 күйді түгел білетін Тұрысбек тыңдаушыларына оларды ойнағанда әрқайсысының өмірге келу тарихын, соған орай оның тартылу мәнерін де қызықты деректер келтіре отырып әңгімелеп береді. Тұрысбек Түсіпбеков Тәттімбет күйлерін шебер орындап, оның өмірі мен творчествосын кеңінен насихаттап жүргені үшін, 1990 жылы «Білім» қоғамының Ленин ордені және бүкілодақтық Құрмет грамотасымен марапатталды.

Тұрысбек Түсіпбековтің орындауында Тәттімбеттің «Сары қамыс» күйі күйтабаққа жазылып алынды. 1988 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Сарыжайлау» атты күйлер жинағында ұлы композитордың «Сары қамыс», «Көш жарған», «Жылқыда» сияқты бұрын белгісіз болып келген күйлері Тұрысбектің орындауында нотаға түсірілді. Қарағанды, Ақмола, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған, Жамбыл облыстарының мәдениет үйлерінде лекциялар оқып, күй шертті.

### Әдебиеттер:

Түсіпбеков Т. Деректі кітап шығару қажет: Т.Қазанғапұлының туғанына 185 жыл толуы қарсаңында // Сарыарқа.- 1999.- 18 қыркүйек

Түсіпбеков Т. Шертпе күйдің атасы // Сарыарқа.- 1994.- № 5.-3-15 б.

Түсіпбеков Т. Тәтті күйдің атасы - Тәттімбет:[Тәттімбет күйлері туралы] // Азия.- 1993.- № 41.-қазан. -8 б.

Түсіпбеков Т. Кеменгердің көлеңкесі де ыстық: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл толуына // Ленин туы.- Егіндібұлақ, 1990.- 28 шілде

Түсіпбеков Т. Тәттімбет - "Сарыжайлау": Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл //Ленин туы.- Егіндібұлақ, 1990.- 11 қаңтар

Түсіпбеков Т. "Тіріліп Тәттімбеттің он саусағын": Тәттімбет атындағы өлкетану мұражайының меңгерушісі Т.Түсіпбековпен әңгіме / Әңгімелескен Ж.Райымбекқызы // Орт.Қазақстан.-2005.- 1 қаңтар.-13 б.

Адамов Д. Тәттімбеттің күйлерін жеткізуші: ел іші- өнер кеніші // Орт.Қазақстан.- 2008.- 5 ақпан.- 4 б.

Асауова С. Күйші Тұрысбек: өнердің өз адамы // Астана хабары.- 2006.- 10 қаңтар.-4 б.

Ахметов Р. Әсерлі кездесу: мәдени хабар // Қарқаралы.- 2005.- 26 наурыз.-4 б.

Ахметова Б.Т. Күйші Тәттімбет мұрасын насихаттаушы/ Ахметова Б.Т.- Астана: "Сарыарқа" баспа үйі, 2004.- 26 б.: сур.

Баймұханбетов Р. Тәттімбеттің мұрагері // Мәдениет.- 1994.- № 2

Баймұханбетова Р. Тәттімбет мұрагері-күйші Тұрысбек Түсіпбеков // Қазақстан музейлері.- 2004.- N1(4). -53-55 б.

Баймұханбетова Р. Тәттімбеттің мұрагері - күйші Тұрысбек Түсіпбеков // Қазақстан музейлері.- Алматы, 2004.- N1(4).-53-55 б.

Дәулетбаев С. Шертпе күйдің шебері: ел іші- өнер кеніші // Орт.Қазақстан.- 2007.- 19 шілде.-6 б.

Жазықбаев Е. Тұрысбек күйші - Тәттімбет мұрагері: Өнер // Азия Транзит.- 2003.- N4.-50, 51 б.

Жүнісбекұлы Д. Сертификат алды: бәрекедді! // Қарқаралы.- 2006.- 21 қазан.-5 б.

Киік Қ. Күй өлмейді Тұрысбектей күйші барда: Мұра // Орт.Қазақстан.- 2004.- 21 ақпан.-16 б.

Қауысов Б. Ұлы күйшінің ұрпақтарын іздеген байқау: Өнер күнделігі // Орт.Қазақстан.-2000.- 20 желтоқсан

Лұқпан Е. Дос туралы сыр: Жаңа кітап // Орт.Қазақстан.-2003.- 14 тамыз.-8 б.

Омарбекұлы М. "Тәттімбеттің Алтын домбырасы" атты қор құрылды // Қарқаралы.- 2004.- 3 шілде

Оспан Ж. "Шертпе күйдің шежіресі" атты мән-маңызы мен тағылымы қатар өрілген өнер кеші болып өтті // Орт.Қазақстан.- 2006.- 15 сәуір.-16 б.

Салықов К. Күйші Тұрысбек Түсіпбековке //Азия Транзит.-2003.- N4.-54 б.

Сәдуақасова А. Ұлы күйшіге арналады: Тәттімбеттің 190 жылдығына // Орт.Қазақстан.- 2005.- 16 маусым.-13 б.

Ысқақ Д. Күй құдіреті: Очерк // Орт.Қазақстан.- 2002.- 4 желтоқсан.-16 б

## **Тілеуханов Мұхаметжан (1946)**

Тілеуханов Мұхаметжан Қанайұлы - 1946 жылы Жаңаарқа ауданы Атасу кентінде туған. Шебер домбырашы, сазгер-күйші. Республикалық күй жарыстарының жеңімпазы. Мамандығы - есепші-экономист, Алматы халық шаруашылығы институтының түлегі (1968). Домбыра тартуға 6 жасында әкесі баулыған. Мұхаметжан жас кезінде Сарбас, Қойбағар, Тоқпан сияқты домбырашылардан Сайдалы Сары Тоқа, Дайрабай күйлерін тыңдап дәріс алған.

1965-66 жылдары жастар мен студенттердің республикалық конкурстарының лауреаты атанды және Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай күйлерін радиоға жаздырып, Алматы теледидарынан күйлері берілді. 1970 жылы М.Тілеуханов туралы (4 ән, 8 күй) республикалық теледидар фильм түсірді. 70-ші жылдары Қарағанды теледидары арқылы бірнеше рет Сайдалы Сары Токаның күйлерін насихаттап, телехабарлар ұйымдастырды.

1972 жылы Алматыда Жамбылдың 125-жылдық тойында күйші Тілеуханов Мұхаметжан Токаның «Төрт толғауын» алғаш орындады. Оның орындаған күйлері С.Мұқанов, Р.Қошқарбаев, Р.Бердібаев, Р.Бағлановалардың тарапынан жоғары баға алды. 1973 жылдан «Ұлытау» ансамбілінің мүшесі болып істеді. Ансамбльмен бірге Мәскеуде космонавттардың «Жұлдызды қалашығында» болды. 1974 жылы ансамбль құрамында ГДР-да, 1975 ж. ГФР-да, 1976 ж. Үндістанда, 1977 ж. Францияда өнер көрсетті. 1975 ж. «Қазақ КСР-на еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» атағын алды. 1972, 1975 жылдары күйтабақтары, 2008 жылы күйлері жазылған кітапшасы шықты. «Арман-ай» (1973), «Шабыт» (1975), «Тағдыр-ай» (1989), «Нұрқосбасар» (2008) т.б. күйлердің авторы.

### **Әдебиеттер:**

Қазақтың шертпе күйлері. - Қарағанды : Болашак-Баспа, 2006. - 176 б.

Мұхаметжан күйші //Жұмаділдин А. Жаңаарқа: дерекнама. - Алматы : Кенже-Пресс-Медиа, 2003. - 342 б.

Шәкәрім Ж. Бармағына күй айналған // Қазақ әдебиеті. - 2006. - 11 шілде.- 11 б.

Тілеуханов Мұхаметжан Қанайұлы // Жаңаарқа: энциклопедия. - Алматы : Темірқазық, 2009. – 442 б.

## **Шоңманұлы Тоқа (1830-1914)**



Сайдалы Сары Тоқа 1830 жылы қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Көктал өзенінің бойында дүниеге келген. Сары Токаның ата мекені осы Көктал өзенінің аңғары, яғни, Ақтау, Сартау, Қаратұмсық деп аталатын қойын қойнауы жылап аққан айна бұлаққа толы Арқаның шаруақол жатаған таулары. Бұл жерлер кәдуілгі Сейфуллин Сәкен туып өскен Ор, Аба, Иманақ тауларымен іргелес жатыр.

Тотаңның (Арқа елі Сары Тоқаны осылай атайды) елі Орта жүз Арғын, оның ішінде Қуандық руының бір бұтағы Алтайдан тарайды. Әкесі Шоңманнан Тоқа жалғыз туыпты. Ал Тоқаның немере-шөберелері қазір Қарағанды облысында ондап саналады.

Арқада Тоқа деген ру аты да бар. Тотаңды сол Тоқа руынан айырып алу үшін үзенгі тұстастары Сайдалы Сары Тоқа деп атап кеткен. Сонысына сай өзі де ақ сары, ұзын бойлы, ашаңдау, саусақтары жойдасыз салалы, екі көзі көк, орақ мұрын, қасы көзіне түскен, келбетті адам еді",- дейді Тотаңды көзі көрген, сексеннен асып дүние салған жаңаарқалық Башар Әрінұлы ақсақал.

Тотаң 1914 жылы март айында Қаратұмсықтағы қыстауында қайтыс болған. Сүйегі сол Қаратұмсықта өзінен екі жыл бұрын өлген баласы Жалмағамбеттің моласының ішіне қойылған.

Сөз орайында Сайдалы Сары Тоқаның өлген жылына қатысты бір ауыз пікір айтуды жөн көрдік. Мұнан бұрын Тоқаның өлген жылын 1904 жыл деп келдік. Бұл деректі беруші осы жолдардың авторы еді. Алайда ел ішіндегі Тоқаның көзін көргендердің бұлтартпас айғақтары мен архив деректеріне сүйене отырып, Тоқаның өлген жылы 1914 жылы екенін ескерте кетуді парыз санаймыз.

Сайдалы Сары Тоқаның өз заманында қандай адам болғанын күні бүгінге дейін ел арасында айтылып келе жатқан аңыз-әңгімелерден де, көзін көргендердің естелік әңгімелерінен де айқын аңғаруға болады.

Тоқа өз төңірегіндегі ел-жұртқа қара қылды қақ жарғандай әділдігімен де, жағынып-жарамсақтануды білмейтін беттілігімен де танылған. Бірақ, қаншалықты құдірет-күші жетіп, орайы келіп тұрса да мал жинап, майлы болуды мысана етпеген екен.

Өткен ғасырда өмір сүрген Шөже ақынмен Сары Тоқа бір жиында кездесіп қалыпты. Сонда, айтар ойын табан астында кестелі өлеңмен жеткізетін ақын Шөже тұрып:

"Бақтыбай, Берден шықты төменгі елден,  
Шоң шықты, Дәулетбике деген елден,  
Баласы бес Мейрамның бас қосқанда  
Ақылға, Сары Тоқа, сізге келген" -  
депті деген сөз бар.

Мұндағы Бақтыбай деп отырғаны Алшын елінің, Берден-Таманың, Шоң Қарағаш елінің болысы болса, бес Мейрамның баласы деп отырғаны Орта жүз ішіндегі іргелі рулардың жиынтық аты. Яғни, ақын өлеңінен Сары Тоқа беделі ауыл арасымен ғана шектелмегенін аңғарамыз.

Тотаңның күй шығарып, домбыра тартатын өнерпаздығын ел арасындағы сәуегей-сопылық құрған қожа-моллалар ұната бермейді екен. Реті келсе, Тотаңды "әуейі тентек" атандырып, соңынан алуан түрлі өсек сөз ілестіріп отырған.

Сары Тоқаның бір бет, тік мінезділігі, ешкімнің байлық-беделіне қарамай іреп айтатын уытты тілі, өз кезінің әділетсіздігіне қарсы шығуы - оның дұшпандарын да көбейтіп баққан. Тоқаның екі жылдай жер ауып, айдауда жүріп қайтуы да өз заманының зорлық-зомбылығымен көп беттескенін пайымдатады.

Айдауда жүрген Тоқаны артынан жоқтап, мерзімінен ерте қайтуына көп қажыр-қайрат жұмсаған адам - Қарашаш елінің болысы әрі биі Телғозының Шоңы екен. Шоң қазақ арасында алғашқылардың бірі болып орысша оқу орнында оқыған, Ақтау дуанына (Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының жауынгерлері қиратқан) жер ауып келген орыстың демократтық бағыттағы азаматтарымен достасқан, көзі ашық, төңірегіне мейлінше әділдігімен қадірі артқан адам болған. Сөз орайында Әуезов Мұхтардың "Абай" романында аты аталатын Шоң - осы Телғозының Шоңы екенін айта кеткен жөн.

1847 жылдан ауыл старшыны, би болған. 1849 жылы 3-желтоқсанда Ақмола округі Сайдалы-Алтай болысының басқарушылығына сайланған.

Жазда Манақа өзені, Көктіңкөлі, Кенелі, Керегетас, Сарысу бойымен көшіп, Ақтау тауларын қыстаған. Сазгер ретінде жиырмаға тарта ел ішіне кеңінен тараған мазмұны терең, сұлу сазды, ырғақты шертпе кйлер шығарған. «Саржайлау», «Ерке қыз», «Бел



шешер», «Жалғыз ішек», «Қосбасар» (3 нұсқа), «Бозторғай», «Терісқақпай», «Аққу», «Сарыөзен», «Бозайғыр», «Төрт толғау», «Сағыныш» т.б. жалпы саны 30 күйдің авторы.

#### **Әдебиеттер:**

Аманжол Б. Сүйе алмасаң, сүреңсіз өмір мүлде // Орт.Қазақстан. - 2010. - 4 ақпан (№ 17). - 6 б.

Бекенов У. Күй табиғаты. - Алматы : Өнер, 1980. - 174 б.

Бекенов У. Күй көтерер көңілдің көк жиегін. - Алматы : Қазақстан, 1975. - 48 б.

Қазақтың шертпе күйлері. - Қарағанды : Болашақ-Баспа, 2006. - 176 б.

Тоқа Шоңманұлы // Бекенов У. Күй керуені: оқу құралы. - Алматы : Өнер, 2002. - 35 б.

Тоқа // Қазақ күйлерінің тарихы: оқулық / Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен. - Алматы, 2000. - 270 б.

Тоқа //Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 510 б.

Тоқа // Тарақты А. Қазақтың әйгілі күйшілері: IX-XX ғасырлар: [альбом-кітапша]: сурет.: Н.Т.Жэренчиев, Г.С.Искакова. - Алматы : Қазақстан, 1992. – 16 б.

Сайдалы Сары Тоқа // Жұмаділдин А. Жаңарқа: дерекнама. - Алматы : Кенже-Пресс-Медиа, 2003. - 329 б.

Сейдімбеков А. Сонар: деректі әңгімелер. - Алматы : Жалын, 1989. - 349 б

Шоңманұлы Тоқа // Жаңарқа: энциклопедия. - Алматы : Темірқазық, 2009. – 461 б

Шоңманұлы Тоқа // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 476 б.

### **Шөменов Аман (1902-1984)**

Шөменов Аман 1902 жылы Қарағанды облысының Ақтоғай ауданына қарасты Жәмші аулында дүниеге келіп, Балқаш қаласының маңындағы Бектау – Ата елді мекенінде 1984 жылы дүние салған. Аман Тоқырауын бойы күйшілік мектебінің өкілі. Домбыра тартып, күй шығару өнерін Ахметжан Сармантайұлы, Әбди Рысбекұлы, Мақаш Сәдуақасұлы, Әбікен Хасенұлы, Бегімсал Орынбекұлы сияқты күйші-домбырашылардың ықпал-әсерімен меңгерген. Репертуарында Тәттімбет, Тоқа, Манас, Итаяқ, Қыздарбек қатарлы күйшілердің шығармалары мол болған.

Аман тұрмыс жағдайымен ұзақ жылдар Қарағанды шахталарында еңбек еткен. Бірақ, бойына дарыған домбырашылық-күйшілік өнерін қақас қалдырмаған.

А.Шөменов 1965 жылы Алматыда өткен халық өнерпаздарының республикалық байқауына арнайы шақырылып, оның орындауында 13 күй Қазақ радиосының алтын қорына жазылып алынады. Бұл күйлердің ішінде Аманның «Қараторғайә», «Қоңыр жел», «Сары жорға», «Жастарға тарту», «Тракторшы қыз» деп аталатын күйлері бар.

#### **Әдебиеттер:**

Шөменов Аман //Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 804 б.

## Хамзин Мағауия (1927-2000)



Қазақстан Республикасының халық артисі, шертпе күйдің шебері, Балқаш қаласының құрметті азаматы Мағауия Хамзин Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Мағауия жеті жасында халық композиторы Әшімтай атасынан "Қоңыр қаз", "Сылқылдақ", "Саржайлау" күйлерін үйренеді.

Анасынан жастай жетім қалып, оған арнап алғаш рет "Қосбасар" атты күйін шығарады. 10 жасында Алматыда өткен өнерпаз оқушылардың байқауына қатысты. Мағауия 17 жасында Қарағанды филармониясында күйші-артист болды. Жас жігіттен тума талант ұшқынын байқаған А.Жұбанов оны Алматыдағы Құрманғазы атындағы қазақ оркестріне шақырып алады. Бір жыл Чайковский атындағы музыкалық училищеде оқыған соң консерваторияға ауысады. Алайда өнерге деген құмарлығын өмір ауыртпалығы басып, Мағауия оқуын аяғына дейін бітіре алмай, жұмысқа қайта кіріседі. Осы кезеңде 1954-59 жылдары Мағауия Балқаш қаласының Мәдениет сарайының жанында ұлт-музыкалық аспаптарының оркестрін ұйымдастырып, Москвада өткен Дүниежүзілік жастар мен студенттер фестиваліне қатысады. Оның алдында бұл оркестр Республикалық конкурстың лауреаты атағын алды.

Хамзин Мағауияның жұлдызды жылдары 1961 жылы жаңадан құрылған Қазақтың Мемлекеттік "Қазақконцерт" гастроль концерт бірлестігіне орналасқан күндерінен басталды. Жүсіпбек, Шара, Роза, тағы

басқа да саңлақтармен бірге шертпе күйдің шебері Мағауия өз тобымен республикамыздың талай үлкен сахналарында, шалғайдағы қыстақ, түпкірдегі ауыл-аймақтарда да өнер көрсетті.

Осындай қажырлы еңбегінің арқасында Мағауия Хамзин 1966 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген артисі атанып, 1979 жылы Қазақ КСР-інің халық артисі деген құрметті атаққа ие болды. Қазақстанның қай бұрышында болмасын Мағауия шертпе күйді шарықтатып, төкпе күйді жаңбырлатып, Моцарт, Монти, Огинский, Чайковский, тағы басқалардың классикалық шығармаларын да тамылжыта ойнап Индия, Польша, Латвия, Қытай, Сирия, Монголия, Германия, Венгрия, Канада сияқты шетелдің талғампаз көрермендерінің алдында қос ішекті домбырасын оркестрдей ойнатып, бұлбұлша сайратып талай рет тамсандыра таңқалдырған. Соның бірі 1967 жылы өткен дүниежүзілік "ЭКСПО-67" көрмесінде байқалды. Бұған Қазақстаннан КСРО Халық артисі Ермек Серкебаевпен бірге Мағауия да қатысқан болатын.

Мағауия Хамзин күй құты қонған күйші, танымал сазгер. Оның өзі шығарып, өзі орындайтын "Жарыс", "Көкек", "Жайлау", "Тоқырау толғауы", "Белгісіз солдат", "Алтын астық", "Шопан күйі", "Космонавттар", "Амангелді", "Жас қазақ", "Тоғысу", "Жамбыл толғауы", "Балқаш толқыны" күйлері мен Абайдың төрт әніне және үнді халық әндеріне жазылған попурилерін өзінен дәріс алған дарынды шәкірттері де ойнап жүр.

1988 жылы "Қазақконцерттен" құрметті еңбек демалысына шыққан Мағауия туған жері Балқаш өңірінде өзінің мектебін ашып, жас өрімдерге он жылдай шертпе күй сырын, жоғарғы профессионалдық дәрежеде орындау мәнерін, өзіндік стилін, бағдарламасын үйретті. Сөйтіп, күйші, сазгер күйші деген жемісті табыстарына шынайы ұстаз деген жаңа еңбегі қосылды.

Жүрегін маздата беретін киелі күй қасиетіне бойы үйренген Мағауия, бүгінгі таңда да қолы қалт еткенде, қазақ фольклорында ерекше орын алған көне домбырадан тағы да жаңа үн, жаңа әуен іздеп, ізденіс үстінен түспей жүр. Бұл Хамзаұлы Мағауияның саз әуезді, сиқырлы домбырасымен халқына өнегелі қызмет еткендігінің куәсі, өнердегі баянды өмірі.

1998 жылы Мағауия Хамзинге "Балқаш қаласының құрметті азаматы" атағы берілді.

### Әдебиеттер:

Ақсұңқарұлы С. Аз ғана керек адамға.: Өлеңдер // Орт.Қазақстан.- 2001.-8 желтоқсан

Әбілқайырқызы А. Хамзинге ескерткіш орнатылды // Мысты өңір.- Жезқазған, 2007.- 30 наурыз.-2 б.

Әжин Д. Зерделі еңбек // Орт.Қазақстан.- 2001.-17 маусым

Башар Ж. Кеш өтті дүбірлетіп дүйім елді... // Балқаш өңірі.- Балқаш, 2001.-18 шілде

Бекенов У. Күй көтерер көңілдің көк жиегін. - Алматы : Қазақстан, 1975. - 48 б.

Бекенов У. Ұлы күйшінің мұрагерлері: Т.Қазанғапұлының туғанына 175 жыл толуы қарсаңында // Ленин туы.- Егіндібұлақ, 1990.- 30 маусым

Ермағанбетова Г. Шертпе күйдің атасы // Балқаш өңірі.- 2001.- 11 шілде

Жармағанбетов Б. Хамзинді Алаш мәңгі құрметтейді // Балқаш өңірі.- 2001.- 9 қаңтар

Күй қайнары = Голоса народных муз / құраст.: А. Райымбергенов, С. Аманова. - Алматы : Өнер, 1990. - 288 б.

Мағауия Хамзин // Бекенов У. Күй керуені: оқу құралы. - Алматы : Өнер, 2002. - 48 б.

Мағауия Хамзин // Бекенов У. Күй табиғаты. - Алматы : Өнер, 1980. - 54 б.

Мағауия Хамзин // Тоғжанов Е. Л. Атамекен: оқу құрал / Е. Л. Тоғжанов, Т. Т. Аршабеков. - Қарағанды : Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002. - 239 б.

Рысбеков Қ. Күй құдіреті // Тоқырауын тынысы. - 2007. - 15 маусым (№ 24). - 8 б.

Тоқтамысов Т. Әшімтайдың "Қоңыр қазы" //Орт.Қазақстан.- 2001.- 27 қаңтар

Тоқтамысов Т. Тәттімбет және оның мұрагерлері // Орт.Қазақстан.- 2000.-27 желт.

Хамзин Мағауия //Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 536 б.

Хамзин Мағауия // Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 716 б.

Хамзин Д. Дарабоз күйші: Дерек // Орт.Қазақстан.- 2002.- 2 қазан.-12 б.

## **Хасенұлы Әбікен (1892-1958)**

Әбікен Хасенов –1892 жылы Қарағанды облысы Шет ауданында туып, 1958 жылы 25 қазанда Алматыда дүниеден озды. Қазақтың күйші, домбырашысы, шертпе күйдің шебері, ҚазССР нің еңбек сіңірген әртісі (1945). Домбырашылық өнерге баулыған әкесі Хасен және Мақаш Садуақасұлы мен Ақмолда болды. Күйші домбырашылар Баубек пен Қыздарбектен Тәттімбет күйлерін үйренді.

Әбікен Хасенұлы 1934 жылы Сәкен Сейфуллиннің айтуымен Алматыға шақырылып, қазақ драма театрына орналасты. Ол өмірінің соңына дейін осы театрда актерлік қызмет атқарды. М.Әуезов пен Л.С.Соболевтің «Абайындағы» - Құнанбай, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы-Көрпеш – Баян сұлудағы» - Қодар, С.Мұқановтың «Шоқан Уәлихановындағы» - Мұса, Ә.Тәжібаевтың «Майрасындағы» - Тайман, М.Ақынжановтың «Исатай мен Махамбетіндегі» - Балқы сияқты толымды бейнелерді бедерлеуде Әбікен өзіндік ерекшелігімен көрермен ілтифатына бөленген.

Театр сахнасында Әбікен домбырашылығынан бір сәт қол үзбеген. Тәттімбет, Тоқа, Қыздарбек және арқа өңірінің басқа да күйші композиторлардың күйлерін үздік орындап ел арасына насихаттады. Жеке концерт берді.

Әбікен Тәттімбеттің күйшілік мектебін жалғастырушы,асқан шебер домбырашы. Әбікеннің тартуында біршама халық күйлері және ондаған Тәттімбет күйлері күй табаққа жазылған. Олардың ішінде «Саржайлау», «Сылқылдақ», «Қосбасарлар» т.б. бар. Әбікен тартқан Тәттімбет күйлері өзінің тарихи нұсқасына жақынырақ, шертпе күй дәстүрінің о бастағы саз-сарынын көз алдымызға әкеледі.

Ал, Әбікеннің өзі шығарған әйгілі «Қоңыр» атты күйі: қазақ күйлерінің ішіндегі үздік үлгісіне жатады. Бұл күйді адал досы С.Сейфуллинге арнап шығарған. Шәкірттері ҚазКСР-інің артистері Р.Б.Омаров, М.Хамзин.

#### Әдебиеттер:

Алпысұлы С. "Күй - керуен" Шет ауданында // Орт.Қазақстан. - 2008. - 17 маусым (№94) . - 4 б.

Ахметова Г. Киелі қобыз, сиқырлы сарын: ел іші - өнер кеніші // Орт.Қазақстан.- 2005.- 30 маусым.-13 б.

Әбдуов М. Арқаның шерпе күйлері: руханият // Мәдени мұра = Культурное наследие. - 2009. - № 6. – 84 б.

Әбікен // Қазақ күйлерінің тарихы: оқулық / Т. Мерғалиев, С. Бүркіт, О. Дүйсен. - Алматы, 2000. - 376 б

Әбікен Хасенов //Бекенов У. Күй керуені: оқу құралы. - Алматы : Өнер, 2002. - 42 б.

Әбікен Хасенов // Бекенов У. Күй табиғаты. - Алматы : Өнер, 1980. - 50 б.

Әбікен Хасенұлы (1892-1958) // К.Жүністегі Сарыарқа саңлақтары. - Павлодар : ЭКО ҒӨФ, 2007. - 227 б.

Бегалин С. Жыр жайлауы. - Алматы : Қазақстан, 1976. - 165 б.

Бекенов У. Күй көтерер көңілдің көк жиегін. - Алматы : Қазақстан, 1975. - 48 б.

Күй қайнары = Голоса народных муз / құраст.: А. Райымбергенов, С. Аманова. - Алматы : Өнер, 1990. - 288 б.

Қабылдаұлы С. Өнерді әспеттеген әкім // Заман. - 2007. - 26 шілде (№ 30). - 5 б.

Майшекин М. Мұрагерлер.- Алматы: Жалын, 1977.- 132 б.

Оразов С. Аманат: Жыр дәптерінен // Орт.Қазақстан.- 2002.-9 ақпан

Тілеубай Т. Әйгілі күйші Әбікеннің домбырасы табылды // Жас Алаш.- 2000.- 23 желтоқсан

Хасенов Әбікен //Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. А. Абдулин. - Алматы : Атамұра, 2006. – 537 б.

Хасенұлы Әбікен //Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері Астана: Күлтегін, 2002.- 654 б.

Шертпе күйдің шебері // Бегалин С. Сахара сандуғаштары. - Алматы : Қазақстан, 1976. -121 б.

Шөженов Ж. Әбікен күйші // Орт.Қазақстан. - 2009. - 20 тамыз (№ 125). - 6 б.

## Мазмұны

1. Оқырманға	1
2. Ахметқызы Аққыз (1897-1986)	2
3. Байсейітұлы Ыбырай (1889-?)	4
4. Бозмағамбетұлы Амантай (1906-1972)	4
5. Дүкенұлы Ықылас (1843-1916)	5
6. Ержанұлы Манарбек (1901-1966)	7
7. Ерназарұлы Дайрабай (1860-1937)	9
8. Итаяқ күйші (XIX-XX)	10
9. Көшмағамбетұлы Боранқұл (1928)	10
10. Қазанғапұлы Тәттімбет (1815-1860)	12
11. Қарымсақұлы Әшімтай (1808-1903)	16
12. Орынбекұлы Бегімсал (1911-1985)	17
13. Рысбекұлы Әбди (1868-1931)	18
14. Сармантайұлы Ахметжан (1877-1929)	19
15. Сәдуақасов Дәулетбек (1938-2009)	20
16. Төребайұлы Қыздарбек (1850-1922)	20
17. Түсіпбеков Тұрысбек (1948)	21
18. Тілеуханов Мұхаметжан (1946)	23
19. Шоңманұлы Тоқа (1830-1914)	23
20. Шөменов Аман (1902-1984)	25
21. Хамзин Мағауия (1927-2000)	25
22. Хасенұлы Әбікен (1892-1958)	26

Құрастырушы: С.О.Телпекбаева

Басып шығаруға жауапты: Н.В.Гоголь  
атындағы ОҒӘК директоры Д.Б.  
Аманжолова

**Сарырақа күйшілері:** Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші. / Қарағанды обл. ғылыми-әмбебап кітапханасы; Құраст.: С.О.Телпекбаева.- Қарағанды: б.ж., 2010. - 28 б.: сурет. – (Облыстық кітапхана - өлкетану орталығы).  
Таралымы 50 дана.

©Қарағанды облыстық Гоголь атындағы  
ғылыми-әмбебап кітапханасы, 2010 ж.

©Телпекбаева Сандуғаш Орынбайқызы,  
2010 ж.